# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

03.05.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№16 (8130)



KÚN TÁRTIBI
ӘР АЗАМАТТЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ МАҢЫЗДЫ
2-бет

AINA
ЖОЛ САПАСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА
3-бет

TAǴZYM
ЕР ЕСІМІН ҰЛЫҚТАЙЫҚ
4-бет

RÝHANIAT
ОРАЗА – ЖАННЫҢ АЗЫҒЫ, ТӘННІҢ ШИПАСЫ
5-бет


## МЫЗҒЫМАС БІРЛІКТІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ




**Дүйсенбіде Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVII сессиясы өтті.**

Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев жиынға қатысушыларды сессия жұмысының басталуымен құттықтап, елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау ісіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызды рөлін атап өтті.

– Жаһандық әлем күшті трансформацияны бастан өткеріп отыр. Біз бәріміз мүлде жаңа тарихи дәуірде өмір сүріп жатқанымызды түсінеміз. Экономика, қоғам өмірі және технология түбегейлі өзгерді. Бұл жаңалықтарды қабылдап, көп нәрсені үйренеміз, біраз нәрсені істей аламыз. Бірақ, бұл құбылмалы әлемде бір ғана мәңгі әрі кешенді құндылық бар. Ол – қоғамның бірлігі мен ұлтаралық келісім, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздік жылдары Қазақстан халқының елімізде этносаралық қарым-қатынастардың келешегіне қатысты деструктивті болжамдардың бәрін жоққа шығарғанына назар аударды.

– Біз экономикасы қарқынды дамып келе жатқан мықты мемлекет құрдық. Тарих сынақтарының бәрін бірге еңсердік. Прагматикалық және сарабдал сыртқы саясатымыздың арқасында халықаралық беделімізді биіктеттік. Еліміздегі этносаралық қарым-қатынастардың үлгісі теңдестірілген, уақыт жағынан тиімді әрі тәжірибеден өткізілген. Бұл бәріне үлгі болуға тиіс, – деді Елбасы.

Сессия барысында Елбасы Қазақстан қоғамындағы тұрақтылықты сақтау үшін барлық тетіктердің қалыпты әрі тиімді жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті мемлекеттік органдар жанындағы медиация институты мен қоғамдық кеңестердің жұмысын жандандыру қажеттігін айтты. Сонымен қатар, Елбасы Ассамблея кәсіпкерлерінің қауымдастығы арқылы шетелдік инвесторлармен экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға және Қазақстан халқы Ассамблеясының депутаттық корпусының әлеуетін белсенді пайдалануға шақырды.

Нұрсұлтан Назарбаев сөйлеген сөзінде барша мұсылман қауымын алдағы қасиетті Рамазан айының басталуымен және православ христиан өкілдерін Пасха мерекесімен құттықтады.

– Халқымызға, соның ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының барлық мүшесіне қолдау көрсетіп, түсіністік танытқаны үшін ризашылығымды білдіргім келеді. Президент сайлауы 9 маусымға тағайындалды. «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XIX съезінде Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кандидатурасы ұсынылды. Ол – тәжірибелі мемлекет қайраткері, елге басшылық етуге лайық Қазақстанның нағыз патриоты. Барша қазақстандықтарды, Ассамблеяның мүшелерін алдағы сайлауға белсенді атсалысып, тағы бір рет бірлігімізді танытуға шақырамын. Барша қазақстандықтарға аспандарының ашық болуын, әр отбасына бейбіт өмір, амандық және бақ-береке тілеймін, – деді Тұңғыш Президент.

Сессия барысында ҚХА Төрағасының жаңа орынбасарлары болып Юсуп Келигов және Шерзод Пулатов тағайындалды.

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Баспасөз қызметі**




***Ардақты Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері!***
***Құрметті Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің сарбаздары және ардагерлері! Қымбатты жерлестер!***

Сіздерді Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні және Отан қорғаушы күні мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз!

9 мамыр – бұл халқымыздың жер бетіндегі бейбітшілікті сақтап қалу жолындағы теңдесі жоқ ерлігі мен батырлығының символы.

Біз шайқас даласынан қайтып оралмаған жерлестерімізді мәңгілік есте сақтаймыз. Біз тылда Жеңіс тұғырын құйған еңбеккерлердің ерлігін ешқашан ұмытпаймыз. Аға ұрпақ өкілдерінің Отан үшін, өмір үшін көрсеткен жанқиярлық төзімділігі мен табандылығы, қайсарлығы мен өжеттігі біз үшін өшпес үлгі.

Біз олардың баға жетпес ерлігін мақтан етеміз, бүгінгі бейбіт аспан үшін оларға шексіз алғысымызды білдіреміз. Отанымызды жанқиярлықпен қорғаған, Ұлы Жеңіс үшін өмір сүріп, ерен еңбек үлгісін көрсеткен батырлар даңқы мәңгі өшпесін!

Жалпы халықтық мереке – Жеңіс Күні алдында Отан қорғаушылар күнінің атап өтілуінде өзіндік мән бар. Бұл ата-бабаларымыз бен бүгінгі Отан қорғаушылар ұрпағы арасындағы батырлық және жауынгерлік дәстүрлер сабақтастығының көрінісі деп білеміз.

Барлық кездерде әскери қызмет әр азаматтың қасиетті борышы, абыройлы ісі, ерлік пен қайсарлықтың мектебі болды. Бұл мерекеде біз көпұлтты Отанымыздың қорғаушыларының барлық буынына құрмет көрсетеміз.

Ардагерлер салған қаһармандық жолды бүгінгі таңда Қазақстан армиясының қатардағы жауынгерлері де, офицерлері де лайықты жалғастырып келеді. Олардың арқасында еліміз алдағы уақытта да бейбіт өмір сүріп, қарқынды дами беретініне сенімдіміз.

**Құрметті Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің сарбаздары және ардагерлері!**

Егеменді мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға қосқан баға жетпес үлестеріңіз үшін, Сіздерге шексіз алғысымызды білдіреміз.

Баршаңызға аманшылық, келісім мен бейбіт өмір тілейміз! Осы тамаша көктемгі мерекелер бейбітшілік идеалдарының қайталанбас құндылығының көрінісі, жоғары патриотизмнің, бірлік пен татулықтың айғағы болсын!

Мерекелеріңізбен!

**Қала әкімі Қ.БЕГІМОВ**
**Қалалық мәслихат хатшысы С.МЕДЕБАЕВ**

7 МАМЫР ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ

## ОТАН ҚОРҒАУ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

**7 мамыр – Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы айрықша күн. 1992 жылы дәл осы күні Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен еліміздің Қарулы Күштері құрылған болатын. Міне, осы тарихи оқиғадан кейін 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні ретінде аталып өтетін мемлекеттік мерекеге айналды. Азат елдің бүтіндігі мен тыныштығын қорғауда еңбегі зор Отан қорғаушылардың мерекесі қарсаңында Жезқазған қаласының қорғаныс ісі жөніндегі басқармасының басшысы, полковник Марат Оразалыұлы ШАКУАНОВПЕН кездесіп, әңгімеге тартқан едік.**

**– Марат Оразалыұлы, осы қызметке тағайындалғаныңызға көп уақыт бола қоймағанын білеміз. Сондықтан, қала жұртшылығы мен оқырман қауымды Сіздің өмірбаяныңыз қызықтыратыны сөзсіз. Алдымен аса жауапты әскери мамандыққа қалай келгеніңіз жайында айта отырсаңыз.**

– Жезқазған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқарма басшысы лауазымына 2018 жылдың мамырында тағайындалдым. Бұған дейін Шахтинск қаласының қорғаныс басқармасына басшылық еттім. Өмірімді әскери қызметпен байланыстыру бала күнгі арманым десе де болады. Сондықтан, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетіне оқуға түскенде негізгі мамандығыма қоса әскери дайындық кафедрасында да білім алдым. Ал, 1997 жылы Отан алдындағы борышымды өтеуге әскерге алындым. Міне, сол жылдан бастап менің арманым орындалды. Әр жылдары әскери бөлімдерде танк взводының, зениттік-ракеталық батареяның, штаб батальонының командирі қызметтерін атқардым. 2012 жылы Қарағанды қаласының Октябрь ауданына қарасты қорғаныс басқармасына басшы болып ауыстырылдым. Өзім – Ақмола облысының тумасымын. 1974 жылы Ақсу кентінде тудым. Үйленгенмін. Үш баланың әкесімін. Әскери қызмет үшін I, II, III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен марапатталдым.

***– Жезқазған қаласына келгелі бері екі рет әскерге шақыру науқанына қатыстыңыз. Біздегі ахуалға тоқтала өтсеңіз?***

– Қазақтың қай жері болмасын туған жерім. Әскери адамдар үшін мекенжай ауыстыру күнделікті шаруа іспетті. Жезқазғандағы ахуал еліміздің өзге аймақтарынан өзгеше деу қиын. Ал, әскерге шақыру науқанының қай қалада болмасын әрине өзіндік қиындықтары бар. Мысты өлке өндірісті қала болғандықтан мұнда жұмыс тапшылығы сезілмейді. Жастардың дені оқу бітірісімен, еңбекке араласады. Еңбектің нанын татқан соң Отан алдындағы борышын өтеуге асықпайды. Олар әскерге аттанған бір жылдың ішінде өзінің материалдық жағдайын дұрыстап, ата-анасына жәрдемші болуды қалайды. Дегенмен, күшейтілген түсіндірме жұмыстарының нәтижесінде есті жігіттер сарбаз сапынан табылып жатыр. Мысалы, күзгі әскерге шақыру науқанында барлығы 950 жас шақырту алса, оның 102 еліміздің түпкір-түпкірінде орналасқан әскери бөлімдерге жөнелтілді. Биыл наурыз айынан бастап 13 жігіт әскери қызметті өтеуге алынды. Олардың саны жыл санап артатынына сенім мол. Өйткені, бүгінде елімізде Отан алдындағы парызын өтеймін деушілерге заң жүзінде барынша жағдай жасалуда. Атап айтқанда,



2017 жылдан әскерге аттанған тұлғаның жұмысы орны мен лауазымы сақталады. Сондықтан, «әскерге аттану – уақытты босқа жұмсау» деген түсініктен алшақ болу қажет. Әсіресе, бірінші кезекте бұны ата-аналар ескерсе деймін.

Қазір елімізде әскери-техникалық мектептер жұмыс жасайды. Онда Отан алдындағы борышын бір жыл бойы белгілі себептермен өтеу мүмкіндігі жоқ 24-27 жас аралығындағы жастар алынады. Бірақ, 40 күндік оқу-жаттығу ақылы. Онда жастар сап түзеп қана қоймай, әскери техника мен қару-жарақты танып, біледі.

►►*5-бетте*

САРБАЗ СӘЛЕМІ

## МЕН – ШЕКАРАШЫМЫН

**Жезқазғанға ыстық сәлемімді жолдай отырып, барша жерлестерімді туған қаламыздың 65 жылдық мерейтойымен құттықтағым келеді. Сүйікті Жезқазғанымның даңқы артып, ырыс-несібесі ортаймасын.**

Мен қатардағы жауынгер Ердәулет Қанатұлы Қуанышбеков 2018 жылдың күзінде Отан алдындағы борышымды өтеуге аттандым. Жасым – жиырмада. Жезқазған медициналық колледжін тәмамдаған соң, әскер қатарына алындым. Әуелі ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданына қарасты Мақаншы елдімекенінде орналасқан әскери бөлімге келдім. Алғашқы үш айда әскери өмірге дағдыланып, әскери іс-қимылдарды меңгердік. 2086 әскери бөлімінің далалық оқу орталығында ұрыстық граната лақтырудан және қарсыластың сауаттық нысандарымен күресу бойынша практикалық жаттығуға қатыстым. Көрсеткен жақсы нәтижелерім үшін ата-анамның атына оқу-жаттығу орталығының бастығы, полковник Д.Зайцев Алғыс хат жолдады. Ата-анам менің жетістігіме қуанып жатқанын біліп, алдағы уақытта да олар мені мақтан тұтатындай қызмет етудемін. Борышымызды адал орындауға, елімізге адал қызмет етуге Ант берген соң Үшарал шекара отрядына ауыстырылдым. Қазіргі таңда «Покатиловка» шекара заставасының бөлімшесінде борышымды өтеп жүрмін.



Жалпы, маған әскери өмір ұнайды. Бала күннен әкем сияқты әскерге барып, шынығып, шымырланып келуді армандайтын едім. Әкем Отан алдындағы борышын Өзбекстанда өтеген. Жауынгер достары мен әскердегі қызықтары жайында жиі айтып, менің әскерге баруға деген ынтамды күшейте түсті. Сыныптас достарымның ішінде алғаш болып әскерге аттанған Жандостың әңгімесінен шекара шебінде қызмет етсем деген ой келді. Осылайша, көп ұзамай арман-тілегім орындалып, абыройлы шекарашы атына ие болдым.

Отан алдындағы борышты өтеу – мен үшін үлкен жауапкершілік пен міндет. Сарбаз атанғанда ғана осы міндетті ұғынады екенсің. Бүгінгі таңда біздің негізгі мақсатымыз – шекара шебінің қауіпсіздігі мен бүтіндігін сақтау. Біздің істе қалт кетуге, қателесуге болмайды. Менің Отан алдындағы жауапкершілігімді еселей түскен әскерге, мұндағы командирлерге алғысым шексіз.

Әскер маған достықтық, туған-туыстың қадірін үйретті. Әскер өмір мектебі десе де болады. Мектеп пен колледж қабырғасында үйрете бермейтін көпті ұғып, көпті түйдім. Еліміздің әр түпкірінен келген жастармен сыйлас, сырлас болып, көп дос таптым. Шығыс Қазақстанның сұлу табиғатына тамсану мүмкіндігін алдым. Әскерге алынбасам Жоңғар Алатауының ауасын жұтып, суын ішуім екі талай еді.

Қазір менде бәрі жақсы. Борышымның аяқталуына алты ай уақыт қалды. Ол да көзді ашып-жұмғанша өте шығады. Өйткені, әскерде уақыт тез өтеді. Үй-ішіме мен үшін алаңдамаңыздар дегім келеді. Біз Отанды, ал Отан бізді қорғайды. Әке, ана, ата-әжеме, ағайын-туыс пен бауырларға, әсіресе сүйікті қарындасым Бибіназға сәлемімді жеткізіп, мен үшін құшақтарсыздар. Амандықта жүздесуге жазсын!

**Қатардағы жауынгер**
**Ердәулет ҚУАНЫШБЕКОВ,**
**Үшарал шекара отрядының**
**«Покатиловка» шекара заставасы**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ МОНЕТАЛАР – АЙНАЛЫМДА

**ҚР Ұлттық банкі 2019 жылғы үлгідегі дизайны өзгертілген номиналдық құны 1, 2, 5, 10, 20, 50 және 100 теңгелік монеталарды айналымға шығарды. Монеталардың дизайнын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мақұлдаған.**




«2018 жылғы 29 маусымдағы №162-VI ҚРЗ «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Конституциялық Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасына өзгеріс енгізілді. Оған сәйкес мемлекеттік тілдегі «ҚАЗАҚСТАН» деген сөз латын графикасының негізіндегі әліпби пайдаланыла отырып «QAZAQSTAN» деп жазылды. «QAZAQSTAN» деген жазуы бар мемлекеттік елтаңбаны пайдалану туралы талап 2018 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы теңге монеталары дизайнының міндетті элементі болып табылатындықтан, Ұлттық банк 2019 жылғы үлгідегі дизайны өзгертілген монеталарды айналысқа шығару туралы шешім қабылдады. Олардағы жазулар латын графикасының негізіндегі әліпби пайдаланыла отырып мемлекеттік тілде орындалған», – делінген Ұлттық банк таратқан мәліметте.

Айналыстағы монеталардың сырт жағында (реверсінде) «QAZAQSTAN» деген сөзі бар мемлекеттік елтаңба бейнеленген. Сондай-ақ, шығарған елді білдіретін «QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY» деген жазу бар.

Айналыстағы монеталардың бет жағында (аверсінде) монеталар номиналының цифрлық бейнеленуі, сондай-ақ ұлттық валютаның «TEŃGE» деген атауы мен шығарған банк атауының қысқартылған белгісі «QUB» (Qazaqstan Ulttyq Banki) бар мәтіндік жазулар орналасқан.

2019 жылғы үлгідегі дизайны өзгертілген номиналдық құны 100 теңгелік айналыстағы монеталардың қырында (гуртында) «JÚZ TEŃGE» деген жазу бар.

«Айналымдағы монеталардың техникалық және заттай өлшемдері: массасы, диаметрі, қалыңдығы, металл құймасы өзгеріссіз сақталған. Төлем терминалдарын және басқа да кассаны қосымша қайта теңшеу талап етілмейді. Ескі және жаңа үлгідегі айналыстағы монеталар заңды төлем құралы болып табылады және барлық төлем түрлері бойынша қабылдануға міндетті!», – деп атап өтеді Ұлттық банктен.

## ЖАҢА ТУҒАН СӘБИДІҢ ҚҰЖАТЫН РӘСІМДЕУ ЖЕҢІЛДЕДІ

**Ендігі уақытта дүниеге келген сәбидің құжатын әзірлеу барысында оған жәрдемақы ресімдеуге және сәбиді балабақша кезегіне қоюға болады.**



«Ендігі уақытта сәби дүниеге келгеннен кейін, оған құжаттар ресімдеуде проактивті қызмет арқылы баланың тууын тіркеуге өтініш беруге, жәрдемақыны ресімдеуге, тіпті баланы балабақша кезегіне қоюға болады», – деп хабарлайды ақпараттық технологиялар компаниясы.

Проактивті қызмет алу үшін мобильді азаматтар базасында тіркелу қажет. Қолданушыларға ыңғайлы болу үшін мобильді азаматтар базасында тіркелудің үш тәсілі бар:

1. Өз бетінше ЭЦҚ (электронды цифрлы қол) қол қоя отырып порталдағы (eGov.kz) жеке кабинет арқылы. Ол үшін төмендегі сілтеме бойынша тіркеу жөніндегі нұсқаулықпен танысуға болады.

2. «Азаматтарға арналған үкімет» (ХҚКО) филиалдарының кез келген қызметкеріне жүгіну арқылы, толық ақпаратты сілтеме арқылы білуге болады.

3. Перинаталдық орталықтар мен перзентхана жанындағы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының өкілдеріне жүгінуге, сондай-ақ, аталған қызметті Telegram-бот арқылы алу мүмкіндігі бар.

«Медициналық мекеменің хабарламасын алған соң, ақпараттық жүйе бала туғаннан кейін бір тәулік ішінде Сізге қызмет көрсету үшін қажетті СМС жібереді. Қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтер әртүрлі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынады, ал жетіспейтін мәліметтер баланың анасынан СМС арқылы сұратылады. Порталда (eGov.kz) проактивті қызмет алу үшін қалай жауап СМС жіберу керектігі туралы көрнекі үлгілер көрсетілген егжей-тегжейлі ақпарат орналастырылған», – делінген хабарламада.

## КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА БАСПАНА БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?

**Көпбалалы отбасыларға 2 пайыздық ипотека беру мамырдың аяғында басталады. Бұл туралы «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова хабарлады.**

– Біз биылғы мамырдың аяғында басталатын жаңа бағдарламаны талқыламақпыз. Бұл бағдарлама аз қамтылған отбасыларды баспанамен қамтамасыз етуге негізделген. Оған төрт және одан көп баласы бас отбасылар, мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған отбасылар, толық емес отбасылар қатыса алады. Бұл отбасылардың табысы жоғары емес. Мысалы 12 млн теңге займ көлемінде алғашқы 8 жылда төлем 60 мың теңге шамасында, ал қалған 11 жылда 44 мың теңге деңгейінде болады. Осы бағдарлама аясында құрылыс салушылардан жаңа пәтерді алуға рұқсат етіледі. Сонымен қатар, аталған отбасылардың таңдауын кеңейту үшін ертеректе пайдалануға берілген пәтерлерді, жеке тұрғын үй түріндегі баспананы алу мүмкіндігі жасалады. Менің ойымша, көпбалалы отбасылар үшін елорда маңындағы үйлер қызығушылық тудыруы мүмкін, – деді Л. Ибрагимова ҚР Тұңғыш Президентінің Бес әлеуметтік бастамасының іске асырылуын бақылау жөніндегі қоғамдық кеңес отырысы алдында.

Оның сөзіне қарағанда, қазіргі кезде Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне осы бағдарлама бойынша өтінімдер көптеп түсуде.

– Көпбалалы және аз қамтылған отбасылар бұл бағдарламаны асыға күтіп отыр. Себебі осы бағдарламада несие бойынша ставка айтарлықтай төмен, яғни жылдық екі пайыз. Дәл бұл бағдарламада бастапқы жарна 10 пайызға дейін төмендетілді. 12 млн теңге тұратын пәтерді сатып алу үшін салымда 1 млн 200 мың теңге жеткілікті, – деді ол.

Бұдан бөлек, бірқатар облыстардың, елорда мен Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері тұрғын үй сертификаттарын бөлу ниетін білдіріп отыр. Бұл өз кезегінде арнайы әлеуметтік көмек ретінде жасалмақ. Тұрғын үй сертификаты кезекте тұрған отбасыға беріледі және оның сомасы 1 млн теңгеге дейін болады.

Бағдарлама талаптарына сәйкес, құжат тапсыру кезінде әрбір отбасы тұрып жатқан қаласындағы әкімдігіне барып, «Көпбалалы отбасы», «Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп жатқан отбасы», «Толық емес отбасы» санаттары бойынша кезеке жолдама алады.

Бұдан бұрын көпбалалы отбасыларға баспананы 2-3 пайыздық несиемен беру шаралары мамырда басталатыны айтылды.

САЙЛАУ – 2019

*Сарапшы:*

# ТОҚАЕВ пен ҚОСАНОВ АРАСЫНДАҒЫ ТАРТЫС ҚЫЗЫҚТЫ БОЛАДЫ

**2021 жылы парламент және жергілікті мәслихат сайлауы қатар өтеді. Сондықтан көптеген партияларға президент сайлауына қатысу өзекті, олар қазірден бастап электорат алдында өз мүдделерін, бағдарламаларын ұсынатын болады.**



Бұл туралы саясаттанушы, «Альтернатива» зерттеу орталығының директоры Андрей Чебаторев Алматыда өткен сараптамалық талқылау барысында айтты.

Сарапшының айтуынша, еліміздегі президент сайлауы кездейсоқ жағдайда өтіп жатыр. Өйткені бұл, тек президент сайлауы емес, келесі президентті таңдау болып отыр.

– Бұл бір жағынан жоғары биліктің транзиті ретінде өтіп жатыр. Билік транзиті деген – бұл бір президенттің келесі адамға билікті жай тапсыра салуы емес, бұл өте күрделі процесс. Билік ішінде қарым-қатынасты немесе жаңа институттарды қалыптастыруды қажет етеді. Сондықтан осы жылдың 19 наурызында болған жағдай транзиттің тек басы ғана. Маусым айында өтетін сайлау келесі процесс. Үшінші процесс ол кейін барлығы қалай өрбиді деген мәселе, – дейді ол.

Сөз арасында ол, бұл Қазақстан Республикасы президентінің 6-шы сайлауы екенін әрі Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуынсыз өтетінін айтып өтті.

– Осы тұрғыдан келсек отандық және шетелдік сарапшыларды алдағы сайлаудың өту барысы қызықтырып отыр. Тіптен, соңғы уақытқа дейін билік партиясы атынан кімнің кандидаттығы ұсынылады деген интрига басым болды. Бұған дейін Дариға Назарбаеваның, Иманғали Тасмағамбетовтің кандитаттығы ұсынылады деген де сөздер болған. Дегенмен, қазіргі күні негізгі кандидаттардың белгілі болғанын көріп отырмыз. Сегіз кандидаттың ішінде түрлі партия өкілдерін және оппозициядан Әміржан Қосановты көріп отырмыз. ЖСДП алғашында Ермұрат Бапидың кандидаттығын ұсынбақ болған, кейін олар сайлауға қатысудан бас тартты, – дейді А. Чебаторев.

Оның айтуынша, 2021 жылы парламент және жергілікті мәслихат сайлауы қатар өтеді. Сондықтан көптеген партияларға президент сайлауына қатысу өзекті, олар қазірден бастап электорат алдында өз мүдделерін, бағдарламаларын ұсынатын болады.

– Кандидаттар арасында үлкен тартыс болады деп ойламаймын. Тек, Тоқаев пен Қосанов арасындағы тартыс қызықтырақ болуы мүмкін. Өйткені Әміржан Қосанов қазір «Жаңа Қазақстан» ұлттық патриоттық форумының белсенді мүшесі. Осы тұрғыдан қарасақ жас патриоттар оны қолдайды. Сондықтан сайлауалды кампания қызықты болады. Ештеңе өзгермейді деген бос сөз. Басшылық ауысқан кезде қандайда бір өзгерістер бәрібір орын алады. Мүмін бірден болмауы мүмкін, дегенмен уақыт өте келе өзгерістер болады, – дейді сарапшы.

Сонымен қатар ол, сайлау өткізуге қазір қолайлы кезең екенін айтты.

# ӘР АЗАМАТТЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ МАҢЫЗДЫ

**Сайлауға қатысып жақтан кандидаттар өздерінің саяси бағдарламаларын ұсынып, халықтың проблемаларын көтеріп, дауыс жинай білуі өздерінің қолында.**



Бұл туралы саяси ғылымдардың докторы Есенжол Алияров «Президент сайлауы – 2019: алдағы науқанның ерекшеліктері» атты дөңгелек үстел отырысында айтты.

Сарапшының айтуынша, бүгінгі күнге дейін биліктің транзиті туралы көп айтып келді, осы сайлауда транзит бірінші рет іске асайын деп отыр.

– Қоғам, сайлаушыларымыз бір лидерге үйреніп қалған болатын. Елбасы президенттік өкілеттлігін тоқтатқалы бері бірінші рет оның қатысуынсыз сайлау өткелі отыр. Осы жолғы сайлауға сегіз үміткер шығып отыр. Ең бастысы президент айтқандай сайлау ашық, әділетті болу керек. Оны сынай бергенше, әр адам сайлауға қатысып, дауыс бергені жөн. Яғни, ашық болу үшін әр адам өз үлесін қосуы керек, – дейді ол.

Сонымен қатар, ол ең маңыздысы ел басшысын сайлап алып, елде тұрақтылықты қамтамасыз ету керек деген ойын білдірді.

– Қатысып жақтан кандидаттар өздерінің саяси бағдарламаларын ұсынып, халықтың проблемаларын көтеріп, дауыс жинай білуі өздерінің қолында. Саяси дода болған соң өз әлеуеттерін барынша көрсету керек. Бір өкініштісі саясатпен айналысатын адамдар осындай науқан кезінде ғана өздерінің саясаткер екенін еске түсіретін секілді. Танымалдылық жағынан қарайтын болсақ, Тоқаевтың мүмкіншілігі басым. Артында партиясы бар әрі елге бұрыннан танымал, оның үстіне тәжірибесі де мол, – дейді Есенжол Алияров.

Жиын барысында отандық зерттеушілер мен сарапшылар елімізде өтін президенттік сайлауға қатысты өз пікірлерін білдірді.

# ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛУШЫЛАР САНЫ 4 ЕСЕГЕ АРТҚАН



**Қарағанды облысында атаулы әлеуметтік көмек төлемдері төленіп жатыр. Оны алушылар саны 4 есеге артқан. Оның үстіне Жұмыспен қамту орталықтары мен ауылдық әкімдіктер қолдауға мұқтаж отбасылардан құжаттарды қабылдауды әлі де жалғастыруда.**

– Облыста көп балалы және аз қамтылған отбасыларға мемлекеттік қолдау көрсету бойынша Елбасы тапсырмаларын іске асыру бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. Өңірде 1 сәуірден бастап атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) 4 160 отбасыға тағайындалған. 25 сәуірден бастап төлемдер төлене бастады. Құжаттарды қабылдау штаттық тәртіпте, кезексіз жүріп жатыр. Адамдар келіп жатыр, комиссия үйлерге барып, АӘК тағайындау үшін барлық шараларды қолдануда, – дейді облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының жетекшісі Әсем Жүніспекова.

1 сәуірден бастап төлемақылар бойынша кеңес алуға 17 мыңға жуық адам келген.

Еске салсақ, АӘК тағайындау үшін жергілікті Жұмыспен қамту орталығына немесе аудан не болмаса ауыл әкімдігіне бару қажет. Өтінішпен қоса жеке куәлігіңізді ұсынасыз. Тұрғылықты тұру жері бойынша тіркелу тұрақты немесе уақытша болуы мүмкін.

АӘК жаңадан құжат тапсырғандар төлемдерді құжаттарын тапсырған кезден бастап алады.

Облыс бойынша кең ауқымды түсіндіру жұмыстары өткізілді. Облыс әкімінің тапсырмасымен үй-үйді аралау бойынша жұмыстар жүргізілді. Жұмыспен қамту орталығы мен жергілікті әкімдік қызметкерлері әрбір көп балалы отбасыны есепке алып, олардың әлеуметтік картасын толтырды. Жұмыс топтарының мүшелері тек қана төлемақы туралы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік көмектің басқа да жолдарын, жұмысқа орналасу, жеке істі ашуда мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулар жайлы да баяндады.

Өңірде көп балалы отбасыларды қолдау бойынша қосымша шаралар қабылданды. Олардың арасында: қоғамдық көлікпен тегін жүру, балабақшаларға 50 пайыздық жеңілдіктер. Фриланс мектебінде көп балалы аналарға қашықтықтан жұмыс істеу үйретіледі, кеңес берушілер үйде отырып қандай іспен айналысуға, қалай пайда табуға болатыны жайлы түсіндіреді. Ынталандыру тренингтерінде дұрыс мақсат қойып, алға қойған тапсырмалардың шешу жолдарын анықтау бойынша бағыт-бағдар беріледі.

Сонымен қатар, облыста жұмыспен қамту бойынша жылжымалы пунктер де жұмыс жасайды.

Еске салайық, әр балаға 18 жасқа дейін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызы көлемінде (қазір бұл 20 789 теңге) төленеді. Отбасының ересектер мүшелері үшін АӘК көлемі отбасының орта табысы мен ең төменгі күнкөріс деңгейінің арасындағы айырма ретінде есептеледі. Кірістерді есептеуде көп балалы отбасылардың арнайы мемлекеттік жәрдемақысы, «Күміс алқа» және «Алтын алқа» алқалармен марапатталған көп балалы аналардың мемлекеттік жәрдемақысы, баланың мүгедектігіне байланысты жәрдемақы, студенттердің шәкіртақысы, жергілікті атқарушы мекемелер есебінен төленетін бір реттік арнайы төлемақылар есепке алынбайды.

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»

# АУДАН ОРТАЛЫҚТАРЫ ЖАҢАРТЫЛУДА

**«Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы Қарағанды облысында үш аудан орталығынан басталуда. Ол ауылдарды дамытуға, жаңартуға және тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған. Биыл инфрақұрылымдық жобалар Атасу, Нұра және Ұлытау ауылдарында іске асырылады.**

Облыс әкімінің орынбасары Серік Шайдаров Нұра ауылының тұрғындарымен кездесіп, оларға арнайы жобаның маңызы мен алдағы өзгерістер туралы баяндады.

Елбасы өзінің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында ауылдардың әлеуметтік инфрақұрылым дамыту жөнінде тапсырма берген болатын. Ол үшін Үкімет «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасын даярлады.

Облыстарда өсім және тұрақты даму нүктелері бар келешегі зор ауылдар анықталды. Олар әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды қарастыратын өңірлік стандарттарға сай жетілдіріледі.

Арнайы жобаны дамыту үшін қаржы республикалық, облыстық және аудандық бюджеттерден бөлінеді. Серік Шайдаровтың сөзінше, үш аудан орталығында инфрақұрылымдар мен әлеуметтік саланы дамыту бойынша 26 жоба жоспарланған.

Олардың алтауы Нұра ауылында жүзеге асырылады. Төрт жоба әлеуметтік саланы жақсартуға бағытталған. Аудан орталығында 8 жол жөнделеді.

Облыс әкімінің орынбасары атап өткендей, ауыл тұрғындарының өмірін жақсарту үшін билік басындағылар бір ғана арнайы жобамен шектелмейді. Түрлі бағдарламалар бойынша бюджеттік қаржы және жеке инвесторлар есебінен бұдан да басқа жобалар іске асырылады.

**Өз тілшіміз**

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

# МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК – ҚОЛЖЕТІМДІ



Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің бастамасымен қаладағы барлық медициналық мекемелер әр айдың сенбісінде Ашық есік күнін өткізуді дәстүрге айналдырды. Сенбі күнін таңдаудың да өзіндік себебі бар. Өйткені, жұмысбасты тұрғындардың көпшілігі жұмыс күндері дәрігердің қабылдауына үлгере бермейді. Ал, ашық есік күнінде қаланың кез келген тұрғыны өзі қалаған медициналық мекеменің дәрігеріне жүгіне алады. Ол үшін жолдаманың да қажеті жоқ.

Қалалық емханада тұрғындарға терапевт, онколог, гинеколог, окулист пен невропатолог, хирург сынды білікті дәрігерлер қызмет көрсетті. Сондай-ақ, емделушілер қан құрамын зерттеп, тегін ультрадыбыстық зерттеуден өту және флюорографиялық аппаратқа түсу мүмкіндігіне де ие болды.

Ай сайын ашық есік күндерін өткізудің басты мақсаты – тұрғындардың өз денсаулығына деген жауапкершілігін арттыра отырып, аурулардың алдын алу. Қандай да бір дертті емдегеннен гөрі алдын алған өте тиімді.

– Бүгінгі таңда ауру жас талғамайтын болды. Соңғы кезде жүрек, қан тамыр аурулары мен қатерлі ісік дерттері дендеп тұр. Ашық есік күнін өткізу арқылы біз аталған дерттерді ерте бастап анықтап, адам өмірін арашалап қалмақпыз. Дегенмен, тұрғындардың әлі де салғырттығы сезіледі. Жылына бір рет скринингтік тексерістен өз еркімен өтуі қиындау. Сондықтан, бүгінгідей ашық есік күндерін өткізудің маңызы зор, – деген қалалық емхананың эпидемиолог дәрігері Мөлдір Әлібек қала тұрғындары ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолдарын қарастырса дейді. Осы ретте балаларды көп аурулардан қорғаудың бірден-бір жолы – екпе салу. Дегенмен, бүгінгі күні екпені салдыртудан қашқақтайтын ата-аналар көбейген. Ашық есік күніне келушілерге екпе салудың пайдасы жөнінде де көп мағлұмат берілді.

**Бота ШАЛҚАР**

*Суретті түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

# ЖОЛ САПАСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА





**Қала әкімі Қайрат Бегімов биыл жол жөндеу жұмыстарын атқару құқығын жеңіп алған мердігерлерді жинап кеңес өткізді.**

Мердігер мекемелердің басшылары қатысқан жиынды ашқан қала басшысы жергілікті әкімдік тарапынан қойылатын басты талап жұмыс сапасы екенін қатаң ескертті. Атқарылатын жұмыстың сапалы, жобалық, техникалық талаптарға сай болуын тапсырыс беруші мекемеден бөлек қоғамдық комиссиялар да бақылайтын болады.

– Соңғы бірнеше жылда Жезқазғанда автокөлік жолдары қарқынды жөнделуде. Былтыр, алдыңғы жылы жөнделген жолдардың сапасына қатысты мердігерлерге ескертулер, жойылуы тиіс олқылықтар бар. Кепілдік мерзімі ішінде былтыр жөнделген жолдардың анықталған кем-кетігі бірінші кезекте ретке келтірілуі керек, – деген Қайрат Баяндыұлы биыл атқарылатын жұмыстың да сапасын басты назарда ұстайтынын жеткізді.

Жиында қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар тасымалы және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы Қуанышбек Сансызбаев биыл жөнделетін жолдар туралы баяндама жасады.

– Биыл қала бойынша 12 көшеде, барлығы 27 шақырым жол жөнделеді. Бұл мақсатта жиыны 1,3 млрд теңге қаржы қарастырылған. Ол қаражаттың 200 млн теңгесі облыстық бюджеттен бөлінсе, қалған 1,1 млрд теңге жергілікті бюджеттен бөлініп отыр, – деген бөлім басшысы жөнделетін жолдар мен жұмысты атқаратын мердігерлерге жеке-жеке тоқталды.

Облыстық бюджеттен бөлінген 200 млн теңгеге Геология елді-мекеніндегі айналма жолдың 7 шақырымы жөнделмек. Аталған жұмысқа мердігер ретінде «АрмСтрой» ЖШС анықталған.

Қалалық бюджет қаражатына жөнделетін жолдардың жалпы ұзындығы 20 шақырымды құрайды. Оның ішінде 7,8-ықшамаудандағы Исаев, Ер Шоштан, Кетбұқа би, Тілеулі батыр көшелерінің жолдарына орташа жөндеу жұмысын жүргізуші мердігер «АрмСтрой» ЖШС-мен 81 млн 120 мың теңгенің келісім-шарты жасалған. Ал, Бекболатсай ықшамауданындағы Төлеубаев көшесіне орташа жөндеуді «ДостройматериалLTD» ЖШС жүргізеді. Бұл көшенің жолына 88 млн 364,2 мың теңге бөлініп отыр. Қостанкелді сай ықшамауданындағы Шашубай, Балочная, Жанайдар батыр көшелерін 92 млн 960 мың теңгеге «АрмСтрой» ЖШС жөндеп бермек.

Қуанышбек Сансызбаевтың айтуынша, бұдан бөлек 85 млн 597,2 мың теңгеге Панфилов, 101 млн 659 мың теңгеге Момышұлы, 175 млн 271 мың теңгеге Пушкин көшелерінің жолын жөндеу жұмыстарына конкурс өтуде. Сонымен бірге, Талап, Кеңгір ауылдарының жолдарын жөндеу үшін 64 млн 100 мың теңге бөлініп отыр. Қалаішілік жолдарға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 240 млн теңге бөлініп, «Қалалық автокөлік жолдары басқармасы» КМК жұмысқа кіріскен.

– Биыл сондай-ақ, 2017-2018 жылдары жөнделген жолдардың біраз бөлігі кепілдік міндеттемелер бойынша қалпына келтіріледі. Ол жұмыстарды 2017 жылы Сейфуллин, Абай, Желтоқсан, Гагарин, Байқоңыров көшелері мен Алашахан даңғылының жолын жөндеген «КазТрансЭнерго» ЖШС, Жезді көшесінің жолын жөндеген «АлмасҚұрылысҚазақстан» ЖШС, 2018 жылы Бейбітшілік даңғылын жөндеген «АлмасҚұрылысҚазақстан» ЖШС, Сәтбаев көшесін жөндеген «КазТрансЭнерго» ЖШС, Омаров көшесін жөндеген «Рокада-А» ЖШС атқаратын болады, – деді Қ. Сансызбаев.

Жолдың жайын талқылаған жиында сонымен бірге жаңа асфальт төселген жолдардың астан-кестеңін шығарып жататын «Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ-ның жұмысына да сын айтылды. Әкім аталған кәсіпорын басшылығынан ол олқылықтарды жоюды қатаң талап етті.

Сонымен бірге, Қайрат Баяндыұлы мердігер кәсіпорындардың техникалық базасы мен жұмыс барысында жаңа технологияларды қолдануына ерекше мән беріп, жөндеу жұмыстарын жол полициясы, басқа да мекемелермен келісе отырып бастауды тапсырды.

**Дархан МҰХАН**

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# АЛПЫС ПӘТЕРЛІК ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНУДА

**Жезқазғанда кейінгі уақытта тұрғын үй құрылысының қарқын ала бастағаны қуантады. Жуырда бес қабатты 60 пәтерлік тағы бір үйдің құрылысы басталды. Мердігер ұйымның құрылысшылары жалпы аумағы 3744,3 шаршы метр болатын жаңа үйдің іргетасын құйып, іске қызу кірісті.**



Мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша салынатын бұл тұрғын үйдің жалпы сметалық құны – 358 млн 626,7 мың теңге. Мердігер ұйым ретінде белгіленген «Құрылыс» ЖК биылғы сәуір айында қолға алынған құрылыс жұмыстарын 2020 жылдың желтоқсан айында аяқтауға міндеттеніп отыр. Үстіміздегі жылы атқарылатын құрылыс жұмыстарына республикалық бюджеттен 141,1 млн. теңге қаржы бөлінді. Тұрғын үйдің жобасын «АльпинСтрой» ЖШС жасаса, техникалық қадағалауды «КазНадзорГруп» серіктестестігі жүзеге асырады.

Бес қабатты тұрғынжайдың 30 пәтері бір бөлмелік, 20 пәтері екі және 10 пәтері үш бөлмелі болады деп жобаланған. Алашахан даңғылы 34 «Д» мекенжайы бойынша бой көтеретін жаңа үй көпсалалы орталық аурухананың шығыс жақ беткейіндегі алаңқайда салынуда.

Қаламызда біраз жылдардан бері тоқырап қалған көп қабатты тұрғын үй құрылысы өткен жылы жанданып, еңселі екі үй пайдалануға берілген болатын. Кезекте тұрған 70 отбасы баспаналы болып қуанышқа кенелді. Биыл да осы бастама сәтімен жалғасуда. Алда тағы мемлекеттік бағдарлама аясында 90 пәтерлі бір тұрғын үй салу жөніндегі жоба жасалынып қойды.

**Амандық РАХҰЛЫ**

# ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ



**Жақында қаламызда Жаңаарқа бөлімшелік көліктегі қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының заңнамаларына енгізілген толықтырулар мен өзгерістер және жемқорлықтың алдын алу жөнінде дөңгелек үстел өтті.**

Осы ұйымдастыру шаралары негізінде өткізілген дөңгелек үстелге Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасының Жезқазған қалалық филиалының, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлері кеңесінен, «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалынан өкілдер, теміржол көлігіндегі Жаңаарқа және Жезқазған өңірлері бойынша мекеме басшылары мен мамандары қатысты.

Дөңгелек үстелді басқарма басшысы Мерекеш Бірімжанова ашып, қатысушыларды өткізілетін іс-шараның мақсатымен таныстырды. Отырыстың басты тақырыбы ретінде әрбір қазақстандықтың жемқорлықтың алдын алу жолындағы белсенді әрекеттері және мемлекеттік деңгейдегі күрес шаралары көтерілді. Бұл ретте мемлекеттік қызмет саласы тек «бір терезе» принципі арқылы іске асырылатындығы мағұлмат ретінде аталып өтілді.

Бас маман Нүргүл Ибраева «Жедел ішек инфекциясының алдын алу» және «Тағамдық улану туралы» тақырыбы бойынша қысқаша мағұлмат ретінде баяндама оқып берді.

Сонымен қатар, қоғамдық бірлестіктің басшылары меморандумда көрсетілген тармаққа сәйкес өз ұсынымдарын айтып, өзекті мәселелерді қозғап, дөңгелек үстелде ортаға салынғанына алғыс білдірді.

Дөңгелек үстел басқарма мамандарынан тұжырымды жауап алып, пікір алмасумен аяқталды.

**Өз тілшіміз**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

**Кеңес үкіметінің тұсындағы қасіретті оқиғалардың бірі Чернобыль атом электр стансасында ядролық апат болғанына биыл 33 жыл толып отыр. Жылдар зуласа да сұрапыл жарылыстың келтірген залалы мен қасіреті әлі күнге ұмытыла қоймады. ХХ ғасырдағы ең ірі техногендік радияциялық апатының зардабын жоюға қатысқан 30 мыңға жуық қазақстандықтың қатарында Жезқазған аймағынан аттанғандар да болды. 187 жезқазғандық өз денсаулығы мен өміріне қауіп төндіріп, бастарын бәйгеге тігіп, украин халқының қайғысын бөлісті. Ерлік көрсеткендердің басым көпшілігі бүгінде арамызда жоқ. Олардың есімін ұлықтап, еске алу мақсатында Жезқазған қаласында митинг өтті.**

# АПАТ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛДЫ





– 1986 жылдың 26 сәуірінде Чернобыль атом электр стансасында адамзат тарихындағы ең үлкен техногендік апат орын алды. Бұл апаттан жүздеген адам өмірі қиылып, елеулі жер аумағы зақымданды. Біз бүгін осы апаттың құрбандарын еске аламыз. Сонымен қатар, оны жоюға қатысқан, өмірлерін аямай, дүлей апатқа қарсы тұрған азаматтарға шексіз алғысмызды білдіреміз, – деп митингіні ашқан қала басшысы Қайрат Бегімов Чернобыль апатының салдарын жоюға атсалысқан ардагерлер Түгел Дүйсенбаев, Ғабдулла Ахметов, Өмірзақ Ағыбаев, Серік Құдабаев, Қырғызбай Мырзатаев, Сәбитбек Еркімбай, Нұрәлі Қаржаубаев, Андрей мен Юрий Рогожиндер, Ескендір Бектұрғановты Жезқазған қаласының Құрмет грамотасымен марапаттады.

Сөз кезегін жалғаған Жезқазған қалалық қорғаныс істер жөніндегі басқарма бастығының міндетін атқарушы Арман Мақажанов Чернобыль апатына қатысқан ардагер жауынгерлерге лайықты құрмет көрсету елдігіміздің бір белгісі екенін алға тартып, жас ұрпақты тәрбиелеуде қиындық алдында тайсалмаған батыр ағалардың жолын үлгі ету қажеттігін айтты. Ал, жастар атынан сөйлеген Жезқазған университетінің I курс студенті Қымбат Тұрсынбек сын сағатта Отаны үшін отқа түскен жауынгер халықтың ұрпағы екенін мақтан тұтатынын, ерлік ешқашан өшпейтінін жеткізді.

Митингіні қорытындылаған «Чернобыль жаңғырығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұхит Үңгітбаев майдандастарына көрсетілген құрметке ризашылығын білдіріп, Чернобыль апаты адамзаттың есінде ғана емес, сонымен қатар жүрегінде де мәңгі сақталатынын айтты.

Митинг қатысушылары Чернобыль апатына қатысқандарға арналған ескерткішке гүлшоқтарын қойып, жауынгерлерді үнсіздікпен еске алды.

**Бота ШАЛҚАР**

# ЭКСПОЗИЦИЯ ТАҚЫРЫБЫ – ҒАСЫР ҚАСІРЕТІ

**Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде қаланың 65 жылдығы аясында «Чернобыль апаты – ғасыр қасіреті» экспозициясы ашылды.**

Осыдан 33 жыл бұрын Украинаның Чернобыль қаласында атом-электр стансасының төртінші блогы жарылып, оның салдары орны толмас қасіретке алып келді. Сыртқы фактордың әсерінен болған бұл апат талай адамның өміріне әлі күнге дейін зардабын тигізуде. Жалпы апаттың салдарын жоюға 600 мыңнан аса адам қатысқан. Оның ішінде 32 мыңнан астамы қазақстандық болса, оның құрамында 378-і Ұлытау-Жезқазған өңірінен қатысты. Бүгінде оның 90-і өмірден озды.

Тарих жайында толғайтын экспозицияны ашуға қала әкімдігі, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, «Чернобыль жаңғырығы» қоғамдық бірлестігі қолдау білдіріп, тарихи-археологиялық музей ұжымы ұйымдастырды.

Аталмыш шараның ашылуына қатысқан қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова сөз сөйлеп, Чернобыль апаты адам тарихында орны толмас қайғы-қасірет болып жазылғанын айтты. №8 гимназия оқушылары Чернобыль тақырыбына арналған өлеңдерін оқыды.



Тарихи бұрыштың лентасын қала әкімінің орынбасары Зина Жұманазарқызы мен «Чернобыль жаңғырығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұхит Үңгітбаев салтанатты түрде қиды. Бұл экспозицияда апат кезінде киген арнайы киім, маска, радиацияның көлемін



анықтайтын құрылғылар, атом-электр станциясының макеті, апат зардабын жоюға қатысқан жезқазғандық батырлардың суреттері бар.

Шара дөңгелек үстел барысында жалғасын тапты. Ардагерлер сол 1986 жылғы зұлматты қиын болса да еске түсіріп, айтып берді. Бұндағы мақсат – өскелең ұрпаққа бүгінгі күннің батырлары есімдерін біліп, танытуда. Шараға қатысқан тәжік-ауған шекарасында жауынгерлік қимылдарға және әскери қақтығыстарға қатысушылардың республикалық бірлестігінің Жезқазған аймағы бойынша төрағасы Қайсар Бимұратов, «Ауған соғысы ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ақылбек Аманов сөз алып, тек украин жеріне емес, бүкіл әлемге техногендік зардабын тигізген Чернобыль апаты адамзат үшін жазылмас жара болғанын айтты. Апат салдарын жоюға қатысушылар өз өмірін, денсаулықтарын ойламастан сол жерге барды. Бүгінде өздері соның зардабын тартып, көбінің денсаулықтары сыр беруде.

«Чернобыль жаңғырығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұхит Үңгітбаев өз кезегінде аталмыш бірлестік жайында айтып берді. Бірлестік 2008 жылы құрылды. Оны құруда үш мақсат болған. Біріншісі Чернобыль апатына қатысқандардың құрметіне мысты қалада ескерткіш орнату, музейде арнайы экспозиция ашу және барлық ардагерлер жайында кітап шығару. Көзделген екі мақсат та жүзеге асты, ендігі меже – жинақ шығару. Ол да алдағы күннің еншісінде.

Кездесу соңында Мұхит Үңгітбаев қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбековаға, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы



Салтанат Нұрлыбаеваға, музей басшысы Раушан Қапароваға, «Подробности», «Жезказганский вестник» газеттерінің бас редакторларына Алғыс хат табыстады.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

ҰСЫНЫС

**Ұлы Отан соғысының ардагері, ауыл шаруашылығының білікті маманы, өңірде көп жыл басшылық қызметтер атқарған Сұлтан Хасенұлы Әменовтің есімі Ұлытау-Жезқазған жұртшылығы арасында қашан да ілтипатпен аталады. «Ұлық болсаң кішік бол» дегендей, ол кісі биік парасат, адамгершілік абзал қасиетімен, әсіресе ауыл шаруашылығы саласындағы іскерлік қабілетімен ел адамдарының зор құрметіне бөленді. Өмірден өткенінше қаламыздағы өз қатарларымен және үлгі-өнегесін көрген әріптес ізбасарларымен қарапайымдылық қалпынан танбай сыйласып өтті. Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында майданда от кешкен осындай ерен ер, жайсаң жан туралы еске ала отырып, көптен бері айтылып жүрген, тағылымы мол тұлғаның есімін ұлықтап, ел есінде мәңгі қалдыратындай бір ізгілікті іс атқарсақ деген ойымызды тағы да ортаға салғым келеді.**

# ЕР ЕСІМІН ҰЛЫҚТАЙЫҚ

Сұлтан Әменовтің алғашқы еңбек жолдары өзі туып-өскен Қарағанды төңірегінде басталғанымен, «атқа мініп, айбыны асқан» 1962 жылдан бергі саналы ғұмырының дені Жезқазған-Ұлытау өңірінде өткен болатын. Ол 1924 жылы қазіргі Бұқар жырау, бұрынғы Тельман ауданының 6-ауылында өмірге келген еді. Мектептің сегізінші сыныбында білім алып жүрген кезінде ФЗО-ға шақырылып, 16 жасында өндіріске қажетті мамандық бойынша оқыды. Оны бітірісімен Қарағандының Киров атындағы шахтасында моторшы болып еңбекке араласты. Соғыс оты өршіп, ел басына қатер төнген 1942 жылдың тамызында қаршадай 18 жасында әскерге алынды. Алматыдағы жаяу әскер училищесінде минометші мамандығын меңгеріп, 1943 жылдың қаңтарында майданға аттанады. Оңтүстік-Батыс майданындағы 24-полк құрамында дұшпанмен кескілескен ұрыстарға қатысты. Атқыштар батальонының командирі дәрежесінде Орёл-Курск шешуші шайқастарының белортасында болды. Қан майдандағы осындай шайқастардың бірінде гвардия аға сержанты Сұлтан Әменов сол аяғынан ауыр жарақат алып, Горький облысындағы әскери госпитальда ұзақ уақыт емделуіне тура келеді. Алайда, бұдан әрі әскери қызметке жарамсыз болып, II-топтағы соғыс мүгедегі ретінде елге оралады.

Енді шахтаның ауыр жұмысына жарамайтын болғандықтан «Караган-дашахтастрой» трестің жанындағы бухгалтер-экономистік 6 айлық курста оқиды. «Казгеологияда» жұмыс істейді. Жоғары білімді мамандық алуға деген құштарлықпен Сұлтекең 1949 жылы Алматыға аттанып, зооветеринарлық институтқа оқуға түседі. Оқуын ойдағыдай бітіріп келіп, 1954 жылы туған ауданының Ростовка МТС-де бас зоотехник болып істеп, іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленеді. Тельман аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланады. Осы қызметін абыройлы атқарған Сұлтан Хасенұлы 1962 жылдың сәуір айында Жезқазған аумақтық өндірістік және ауылшаруашылығы өнімдерін дайындау басқармасының бастығы болып біздің өңірге келген еді. Бұдан кейін 1965-1970 жылдар аралығында Жезді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды. Міне, осы кезеңдерден бастап мен Сұлтекеңнің қызметімен де, басшылық ерекшелігімен де етене жақсы таныс болған едім.

Алматы зооветинститутын 1963 жылы бітірген 8 жас маман туған өңірге жолдамамен келгенбіз. Сол уақыттарда Хрущевтың реформаларына байланысты аумақтық ауылшаруашылығы басқармасы құрылып, орталығы Жезқазғанда болатын. Біз институт бітіріп келгенде Жезді поселкесіне көшіп барған екен. Аумақтық басқарманың рөлі аупарткомның бірінші хатшысының рөлінен де жоғары. Соған орай келген жас мамандарды Жезді аумақтық басқарма басшысы қабылдады. «Жоғары білім алып, туған өңірге келулерің дұрыс болған. Аудан шаруашылықтарының келешегі сендердің қолдарыңда. Оқу бітірдік деп, өндірісте жүрген басшылармен кеуделесіп, таласып жүрмеңдер. Тіл табысып істеңдер. Сендердің болашақтарың алда, әлі директор да, басқа үлкен қызметте де боласыңдар» деп, Сұлтан Хасенұлы ақ тілегін білдіріп, әрқайсымызды тиісті шаруашылықтарға жіберді. Айтса айтқандай, ол кезде жоғары білімді мамандардың аса көп емес кезі. Кейбір кеңшар директорлары орта білімнен кейін шамалы курста оқып, өмірлік іс-тәжірибелерімен шаруашылықтарын дөңгелетіп отыратын. Мен «Аманкелді» кеңшарында әуелде ферма зоотехнигі, кейін бас зоотехник болдым. Ауданға ай сайын есеп беруге келгенімізде бүкіл мамандарды Сұлтекең арнайы өзі жарты сағатқа қабылдайды. Шаруашылықтарды жиі аралап жүретіндіктен, көлденең жатқан бос шөпке дейінгі барлық жағдайды жақсы білетін. Сүттің таза болуына, мал тұқымын асылдандыруға қатысты нақты міндеттерді алға қоюмен қатар байқаған кемшіліктерді жедел жөнге келтіруді тапсыратын. Келесі жолы оны міндетті түрде өзі барып тексереді. Сондықтан «қатырып қойдық» деп ешкім жалған мәлімет айтудан жасқанатын. «Шопан кітапшасында» есеп-қисапты дұрыс жүргізуге дейін қадағалап отыратын. Мамандарға мал шаруашылығын өркендетудің жаңа тәсілдерін енгізу жөнінде міндет жүктейтін. Еңбек адамдарымен емен-жарқын сөйлесе білетін қарапайым жан болатын. Кеңшар мамандарының үй, көлік жағдайларын жанашырлықпен қадағалап, қамқорлық жасап отырды. Бір жылдан кейін Жезді аупарткомының бірінші хатшысы болды. Ел ішіндегі, сондай-ақ жоғары жақтағы беделі де айтарлықтай еді. КОКП XXIII съезіне делегат болып қатысты, 1967 жылы Жезді сайлау округінен Қазақ КСР-ы Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Ұлытау, Жезді аудандарының тарихында мұндай мәртебеге жету бұған дейін болмаған-тын. Депутат ретінде өңірдің өркендеуіне өлшеусіз үлесін қосты. Депутат әрі бірінші хатшы болып жүрген кездегі аудан жастарын оқыту жөніндегі жасаған бір ісі ерлікке парапар еді. Сұлтекеңнің тікелей қолға алуымен 1969 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) ректоры З.А.Закарин бастаған көшпелі комиссия Жезді кентіне келіп емтихан қабылдады. Аудан көлемінен сол жолы 30 мектеп бітіруші университетке қабылданды. Айтса айтқандайын, алғаш бірге оқу бітіріп келіп Сұлтекеңнің алдынан өткен жас мамандар бұл кезде сақаланып, Белгібай Қапанов «Байқоңыр» кеңшарының, Бақыт Смаилов «Сарысудың», Шахман Асансейітов «Алғабастың», Сабыр Омаров «Ұлытау» кеңшарының директорлығына тағайындалған-тын. Білікті басшы С.Әменов жас кадрларды өсіріп, жетілдірумен қатар ауданда бірнеше жаңа кеңшарлардың құрылып, шаруашылығының қалыптасуына айтарлықтай еңбек сіңірді.

Мен кейін аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигі, үш жылдай «Сарысу» кеңшарында партком хатшысы болған кезде де Сұлтекеңмен араласып, еңбекті ұйымдастырудағы іскерлігі мен шешімталдығын көп көрдім. Ол кісі екі-



үш жылдай Қарағанды облыстық ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау және сапасы жөніндегі мемлекеттік бас инспектор қызметінде болып Жезқазған облысы ашылғанда ортамызға қайта оралды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып келді. Бұдан кейін 1977-1984 жылдар аралығында Жезқазған облыстық жоспарлау бөлімінің бастығы, облыстық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары болып абыроймен қызмет атқарды. Білімін жетілдірумен ұдайы айналысып, КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы экономикалық курсында, Ауылшаруашылығы министрлігінің шаруашылықты басқару мектебінің тыңдаушысы ретінде ерінбей барып оқып келетін. Сегіз мәрте облыстық және аудандық кеңестердің депутаты болып сайланыпты. Еңбектегі зор жетістіктері үшін екі мәрте «Құрмет Белгісі» орденімен, ондаған медальдармен марапатталған еді. Сондай-ақ, майдан жорығындағы сұрапыл күндерінің өтеуіндей, омырауында бірінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені, «Ерлігі үшін» және басқа да көптеген медальдары жарқырайтын. Сұлтан Хасенұлы 1985 жылы құрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін де қарап отырған жоқ. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Жезқазған облыстық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы болды. Осыдан тоғыз жылдай бұрын 87 жасында Сұлтекең өмірден өтті. Тұлпар уақыт өтіп барады. Өңірімізге ерекше еңбек сіңірген жанға лайықты құрметімізді көрсетсек деген ой ол кісімен қызметтес болғандардың көбін мазалайтыны анық.

**ТҮЙІН:** *Жезқазған қаласындағы Ардагерлер ұйымының басшылары және қоғамдық өмірге белсене араласып жүрген бір топ ардагерлер 2013 жылдың тамыз айында сол кездегі қала әкімі С.Шайдаровқа хат жазып, Сұлтан Әменовтің есімімен қаладағы бір көшені атау туралы өтініш білдірген едік. Осыған байланысты қала әкімінің орынбасары Б.Аханов: «Аса көрнекті мемлекет және қоғам, ғылым, мәдениет қайраткерлерінің және Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген басқа да жеке адамдар қайтыс болған күннен бастап кемінде бес жыл өткен соң олардың есімдерін беру мәселесі қарастырылады. Осы заң талаптарына сәйкес сіздердің ұсыныстарыңызды облыстық ономастика комиссиясына жолдау әзірше мүмкін емес» деп жауап берген-тін. Біз уақыт өте келе осы ұсынысымызды 2016 жылы сол уақыттағы қала әкімі Б.Ахметовке де жолдаған болатынбыз. Алайда, осы мәселеге әлі түбегейлі көңіл бөлінбей келеді. Жезқазғанда Пирогов көшесі бар. Он тоғызыншы ғасырда өмір сүрген орыстың хирургі Николай Пироговтың есіміне берілген болуы керек. Осы көше С.Әменовтің атына беруге әбден лайықты. Онсыз да Ресейдің он бес-шақты қаласында Пирогов көшесі бар көрінеді. Сұлтан Әменовтің өңірдегі ерен еңбегін білетін және оны жоғары бағалайтын ардагерлер қауымы ол кісінің есімін аталған көшеге беру туралы мәселені жете қарастырып, қала әкімдігі тарапынан оң шешім жасалуын сұрайды.*

**Қадыр қажы ҮҢГІТБАЕВ,**
**еңбек ардагері**

9 МАМЫР – ЖЕҢІС КҮНІ

# ЕҢБЕГІ мен ЕРЛІГІН МАҚТАНЫШ ЕТЕМІЗ

**Жылда мамыр айы туысымен жарты әлемді әбігерге салған Екінші дүниежүзілік соғыста, онда қан кешкен, жан қиған ата-бабаларымызды еске аламыз. Жеңіс күнін атап өтеміз. Осы мереке қарсаңында әкем Кенжемұрат Бимағамбетұлының өз қолымен жазылған өмірбаянынан алынған деректермен бөліскенді жөн санадым.**



«1914 жылы Дулығалы өзенінің бойындағы Талдықұдықта (бұрынғы Жезқазған облысы, Жезді ауданы, Байқоңыр совхозының 4 ферма атаулы бөлімшесі) тудым. 4 жасымда жетім қалып, апамның қолында тәрбиелендім.

Әкем Бимағамбет атына сай би, әрі жомарт кісі болыпты» деп бастайды әкей өз өмірбаянын.

Ресейдің ақ патшасының жаппай әскер қатарына алу саясатына қарсы қол бастап, жорықта жүрген Амангелді Иманов атамыз Бимағамбеттің құрдасы болыпты. Бірде атамыздың жомарттығын білетін Амангелді шағын қолымен шаршап келе жатып «Байдың босағасында жатқанша, Бимағамбеттің төрінде жатайын» деп атамыздың үйіне түсіпті. Бимағамбет атамыз күнкөріске қолданып жүрген астындағы мінер биесін сойып, қонақ етіп күткен екен. Содан «Байдың босағасында жатқанша, Бимағамбеттің төрінде жатайын» деген сөз ел аузында қалыпты.

Әкеміз Кенжемұрат Бимағамбетұлы 1919 жылдан 1924 жылға дейін медреседе діни оқумен қатар мектепте қазақша-төтеше сауат ашқан. 1925 жылы Байқоңыр шахтасында ат айдаушы болды. 1926 жылы Байқоңыр пионерлері атынан Түрксіб темір жолында 6 ай жұмыс істеп, Байқоңырға қайта келіп шахтада ат айдаушы болып орналасады. Ол кезде көмір жер астынан аттың күшімен шығарылатын. Осы жұмыста жүргенінде 1931 жылы ашаршылық басталды. 1931-1935 жылдары оңтүстікте болып Бөген совхозында мақта теруші болып жұмыс істеді. Оңтүстікте болған осы кездерінде, дәлірек айтсақ, 1934 жылы Түркістандағы мұғалімдер даярлайтын 2 жылдық училищеге түсіп, оқуды аяқтап 1936 жылдың тамызында Қарсақбайға келеді. Ол кезде колхоз уақыты. Қазіргі Жезді – Молотов колхозы. Ол жерде 150 балалық 4 кластық мектеп салдырған болатын, осы жерде бала оқытты. «Революцияның батыры Жүкен Жанбосынов сол жерде ауылдық советтің председателі екен. Сол жерде Қ.И.Сәтбаев марқұмның 7-8 шатыры бар екен, жаңа зерттеп жатқан кезі еді» дейді әкеміз өмірбаянында.

Ол кезде мұғалімдер жоқ, аз. 4 класты бір-ақ мұғалім оқытады. Сол кезде колхоз председателі Қалықұл Тоқболатов еді. 4 класс параллель оқитын. Оқудан бос кезінде балалар колхоз жұмыстарымен шұғылданатын.

1938 оқу жылында Пионер, Байқоңыр колхоздарында бала оқытты. Ол жерде де 4 кластық мектеп параллель оқытылады.

«Менен білім алған оқушылар Ақат Райымбеков, Әбдірауіп Арыстанбеков, Оразай Әлкеев, Нұрахымет Құтымбетов, Оразай Батырбеков, Ерғазы Наурызбаев, Нәби Жақыпбеков, Белгібай Қапанов, т.б басқалар еді. Ол кезде оқыған балалардың жоғары оқу орнына түспейтіні болмайтын, бәрі де кәдеге жарайтын» деп жазады әкей.

Әкем осы жерден 1941 жылдың қарашасында Отан соғысына аттанып 85-артиллерия полкына қабылданып Орел, Витевск, Брянск, Велико-Луки, Житомир бағытындағы шайқастарда болды. Киев және оның бірнеше қалалары мен селоларын, ескі Пруссияны жаудан босатты. Соғыста артерелисть-поводчик міндеті жүктелді. Қаруы 182 мм-лі гаубица еді.

1945 жылдың 28 ақпанда Чехословакия жерінде ауыр жараланып, мамыр айында екі балдақпен елге келді.

Соғыстан келген соң 3 айдан кейін қайтадан ауылы Байқоңырда бала оқытты. 1948 жылы бұрынғы Амангелді колхозында мұғалім болды. 1960 жылы совхоз орталығы Байқоңырға келіп, №4 орта мектепте құрметті зейнеткерлікке дейін жалпы есепте 39 жыл ұстаздық етті.

Майдандағы жорықты жылдары үшін «Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерен ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20 жылдығы», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 25 жылдығы», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30 жылдығы», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығы», «КСРО Қарулы Күштерінің 50 жылдығы», «КСРО Қарулы Күштерінің 60 жылдығы», «КСРО Қарулы Күштерінің 70 жылдығы» мерейтойлық медальдарымен марапатталды. Үш дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері, Ұлы Отан соғысының батыры Кенжемұрат Бимағамбетовті барлық салықтан босату жайлы КСРО Карулы күштері министрлігінің белгі қағазы да сақтаулы.

Отан үшін қан төккен, майданда жан қиған, жарақат алып, соғыс зардабын тартқан аталарымызды, тылда ерен еңбек үлгісін көрсетіп, ерлерді жоқтатпай тер төккен аналарымыз бен балалық қызығынан соғыс айырып, ауыр еңбекпен есейген тыл ардагерлері – бүгінгі ұрпаққа үлгі. Олардың ерлігі мен еңбегі ешқашан ұмытылмайды.

**Жеңіс БИМАҒАМБЕТОВ**

# МАЙДАНГЕР ҰСТАЗ

Саналы ғұмырын білімді ұрпақ тәрбиелеп, білікті педагог дайындауға арнаған Ұлы Отан соғысының ардагері Томарбай Жақыпов Жезқазған қаласы халық ағарту бөлімінің тұңғыш меңгерушісі болған.

Жезқазған қаласының білім және ғылым саласының дамуына, сапалы кадрлар дайындауда өлшеусіз үлес қосып кеткен азаматтардың еңбегі ұшан-теңіз. Қаланың бас ұстазы болу Томарбай Жақыпұлы үшін қиын әрі жауапкершілігі зор лауазым болды. Дегенмен, өзінің темірдей тәртібі мен білікті басшылығының нәтижесінде ол салып кеткен сара жол бүгінде өз жалғасын тауып келеді.

Томарбай Жақыпов қара шаңырақ Қарсақбайда дүниеге келген. 1942 жылы әскерге шақырылып, майдан даласына аттанады. Соғыс аяқталғанға дейін алғашқыда Оңтүстік майданда 5-ші жеке гвардиялық мотоатқыштар бригадасында пулеметші болып, жаумен шайқасты. 1943 жылы Курск қаласында шайқасқа түсіп, контузия алды. Әскери госпитальда емделгеннен кейін Қызыл Тулы, Суворов орденді 3-ші гвардиялық атқыштар дивизиясына жіберілді. Онда 76 мм полктық зеңбіректерінің расчет командирі болды.

Соғыстан кейін екі жыл Мәскеу қаласына Кеңес әскері қатарында әскери борышын өтеп келгеннен кейін Томарбай Жақыпұлы жоғарғы оқу орнына түсіп, оны 1952 жылы аяқтады. Сол жылдан бастап бар ғұмырын қиын әрі игілікті іске – өскелең ұрпаққа білім беруге арнады. Жезқазған қаласы құрылғаннан бастап зейнеттік демалысқа шыққанға дейін қалалық халыққа білім беру бөлімінің, №1, 2 мектеп-интернаты мен №12, 24 орта мектептерінің, мектепаралық оқу-өндірістік комбинатының директоры қызметтерін атқарды.

Томарбай Жақыпұлы талай жыл білім саласында еңбек етіп, қаланың қоғамдық өміріне де белсенді атсалысты. Қалалық кеңестің депутаттығына тоғыз рет сайланды және халық депутаттары қалалық кеңесінің атқарушы комитеттерінің бірқатар шақырылымдарының мүшесі болды.

«Томеке жұмыста қатал, әрі талапшыл болатын», – деп еске алады оны әріптестері. Білім беру ісінің үздігі Ұлтай Ахметова алғаш еңбек жолын бастағанда Томарбай Жақыпұлы оның бірінші директоры болған.

– Жастарға үнемі қолдау көрсетіп отыратын. Маған алғашқыда тәжірибең жоқ демей, керісінше көмектесіп, дұрыс жолды көрсетті. Бірақ, Томекеңнің жұмысқа деген адалдығы, ұстаздарға қоятын талабы өте жоғары еді. Бізді біреудің ала жібін аттамауды үйретті,- дейді ұстаз.

Мектеп-интернатта бірге қызметтес болған Зоя Бейсенбаева осындай азаматтың шәкірті болғанына мақтанатынын жасырмайды.

– Томеке өз жұмысын үнемі бақылауда ұстайтын. Тіпті, мектептің тазалығына аса мән беретін. Балалар да, мұғалімдер де ол кісіні көргенде жым болатын. Ол бір көзқарасымен барлығын ұқтыратын, – деп еске алады бүгінде ардагер ұстаз.

«Жұмыста қатал болғанымен, үйде қамқор жар, мейірімді әке бола білді», – дейді Томарбай Жақыпұлының жары Рәйләш Жақыпова.

– Ол әр оқушыны өз баласындай көріп, қамқорлығын аямайтын. Түрі суық, сескенетіндей болғанымен, оның жүрегі кең еді. Қатты ауырып қалса да, қиналып тұрса да, жұмысты босатқысы жоқ-тын. Қызметіне деген адалдығы осы болар. Бүгінде ондай басшыларды табу қиын. Мансаптан бұрын адамның жеке қасиеттерін жоғары бағалайтын адамдардың қатары азайып кетті, – дейді Рәйләш Жақыпова.

Томарбай Жақыповтың талай жылғы еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Майдангер ұстаздың халық ағарту саласындағы жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берудегі жемісті де қажырлы еңбектері жоғары бағаланып, Октябрь революциясы және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталды. Сөйтіп, Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін марапатталған «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі Ұлы Отан соғысы, III дәрежелі «Даңқ» ордендері мен көптеген медаль, Жоғарғы Бас қолбасшының қолы қойылған Алғыс хаттарының қатарын, енді бейбіт еңбекте алған атақ, абыройлары байыта түсті. Оның үстіне Томарбай Жақыпұлы КСРО халық ағарту және Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі атағына ие болған білікті басшы. Томарбай Жақыпов Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атанды.

Өнегелі өмірдің иесі Томарбай Жақыповтың көзі тірі болғанда биыл 95 жасқа толар еді. Жезқазғанның қалыптасуының басы-қасында жүріп, куәгері болған осындай біртуар азаматтың есімі ел есінде. Кезінде өзі тұрған, бүгінде қарашаңыраққа айналған Жақыповтардың үйінде ұлы ұстазға арналып тақтайша орнатылған. Баласы Мейрамнан



тараған үш немере, жеті шөбере бар. Олардың қызығын Рәйләш апа көріп отыр бүгінде.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

**Биназым Әшірбекқызына өткенге оралу қаншалықты қиын әрі ауыр екенін көрдік. Дегенмен, ол бір күрсініп балалық шағын ұрлаған сол бір сұрапыл жылдарды тағы бір мәрте көз алдынан жүгіртіп, тылда бел жазбай еңбек еткен балалардың тағдыры жайында баяндады.**

# ТЫЛДА ЖҮРІП ШЫҢДАЛҒАН

– Аштықтың азабынан әлі де оңала қоймаған қазақ елі үшін 1941 жылдың жазында басталған фашистік Германиямен арадағы соғыс оңай болмады. Апталдай азаматтар соғыс даласына вагон-вагонмен аттанып жатса, ауылда қалған еңкейген шал-кемпірден еңбектеген бала-шағаға дейін еңбекке тартылды.

Үнемі ашқұрсақ жүреміз. Ұйқымызда қанбайтын. Бала болып ойнамадық та. Шілденің шіліңгір ыстығы мен қаңтардың қаһарлы аязына қарамастан өзімізге жүктелген міндетті атқаруға тырысатынбыз. Өйтпеске болмайтын да. Өйткені, тыл – майданның тірегі еді. Оны бізге үйдегі қарт ата-анамыз бен еңбек даласындағы бригадирлер құлағымызға құятын. Ата-анамыздан ауыр сөз естіп көрмеген бізге әу баста қиын болды. Ауыр сөз түгілі қамшының да астында қалған күндер де аз болмады, – деп жанары жасқа толған Биназым әжей кеше ғана торқалы тоқсан жасын қарсы алып, ағайын-туыстың басын қосқан. Алайда, қарттық жасына қарамастан соғыс салған жара әлі жазылмағанға ұқсайды. Басынан өткен әрбір қиындық пен қуаныш әлі күнге дейін жадында жаңғырып тұр.

– Жаздыкүні егін шаруашылығына, жем-шөп қорын әзірлеуге, қой мен қозы бағуға аралассақ, қыста мал жайлау, су тасу сынды шаруаларды дөңгелетеміз. Қырмандағы бидайды торғайдан қоримыз. Ол жарықтықтар да маза бермейтін. Кейде көзіміз ілініп кетіп, бригадирдің қаһарына ұшырайтынбыз. Еңбектің жеңілі жоқ. Әр істің өз қиыншылығы бар. Мысалы, көктемде егінді өгіз жегілген соқамен жыртамыз. Мал екеш малдың өзі де болдыратын. Бірде өгіз қашып, тікенге кіріп алмасы бар ма?! Сонда жанымдағы бір топ балалармен әбден таяқтың астында қалып, тікеннің арасына кіргеніміз бар, – деген тыл ардагері жеңісті жақындатуға маңдай терімен үлес қосқан ауылдастарын еске алды. Хамит пен Мәжит Ахметбекұлдары, Далдабай Смайылов және Оразалы есімді қатарластарының ұрпағымен күні бүгінге дейін аралас-құралас. Қиын-қыстау заманның бар ауыртпалығын бірге көтеріп, бір үзім нанды бөліп жеген олардың достыққа деген адалдығы тұяғын басқандарға үлгі-өнеге. Буыны қатып, бұғанасы бекімегеніне қарамастан Биназым әжей еңбекте абыройлы болуға тырысты. Табандылықпен соғыстың басынан аяғына дейін жұмыс жасаған ол 1945 жылы Сталиннің Жарлығымен тылдағы жанқиярлық еңбегі үшін медальмен марапатталды.

1929 жылы Ұлытау ауданының Көкөлең ауылында туған Биназым Сүтемгенованың әкесі Әшірбек Қыдырманұлы – аймаққа танылған агроном.

– Әкем оқымаса да өте білімді адам еді. Есеп-қисапқа жақын, әрі күн райын болжайтын. Егін салудың қолайлы кезеңдерін санап, ауыл жұртшылығына тұщы суы бар жерді анықтап беруде қателеспейтін. Әкемнің әкесі Қыдырман атам – өз заманының биі. Ал, анам Қапан Бекенқызы – Ерден Сандыбайұлының ұрпағы.



Анам он екі құрсақ көтерген. Бірақ, аштық бауырларымды аяусыз жалмады. Төртеуіміз ғана тірі қалдық. Үлкен ағам Шәріпбек 18 жасында өз еркімен соғысқа аттанды. Қолынан жарақат алса да, соғыс біткенге дейін жауды жеңуге үлес қосты. Офицер шеніне жетіп, елге оралған соң, лауазымды қызметтерді атқарды. Екінші ағам Мәжікен (Әбдімәжит) шопан болып, «Еңбек озаты» атанды. Майданға шұлық, қолғап тоқып, тон тігетін анамыз. «Барлығы майдан үшін, жеңіс үшін!» деп, түн ұйқысын төрт бөліп қажымай, талмай еңбектенді, біздер соның куәсі әрі көмекшісі болып, ерте есейдік. Егістен келген соң шешемізге жүн түтуге, диірмен тартуға қолғабыс ететінбіз, – деген тыл ардагері фашистік Германия тізе бүккен күні ауылда той болғанын тілге тиек етті.

– «Кеңес әскері жеңіске жетті» деген қуанышты хабарды да естідік. Бір тойып тамақ ішіп, толыққанды ұйықтаған шағымыз осы күні болды шіркін. Жеңісті ауыл болып тойладық. Сонда бригадир он-он бес баланы жүгіруден сынға түсірді. Бәрін артта қалдырып, бірінші келген маған бір уыс кәмпит бұйырды. Біраздан бері кәмпитті татып алмаған біздер таласа-тармаса жеп алдық. Кәмпиттің дәмі әлі күнге дейін ауыздан кетпеді.

Жаңабай Мағзұмұлымен шаңырақ көтеріп, ұрпақ өрбіткен Биназым әжей – алтын құрсақты ана. «Күміс», «Алтын» алқа иегері атанған ол Ғабдолла, Ыбырахым мен Ғабиден есімді ұлықты ұл өсіріп, Ақбөкен, Айгүл, Гүлнұр, Ғалия мен Жанар атты қыздарын әдепті етіп тәрбиеледі. Ұлдары әке жолын қуып, өндіріс саласында еңбек етіп, Тәуелсіз еліміздің дамуына атсалысуда. Ал, бір-бір мамандық иесі атанған қыздары да өз шаңырақтарының түтіндерін түзу түлетуде. Саналы ұрпағынан 6 немере, 12 жиен мен 5 жиеншар сүйген ардақты әже шөбере қолынан су ішіп те үлгерді. Бәйтеректей әулеттің берекесін арттырып, ұйытқысы бола білген қазыналы қария ұл-қызы мен немере-шөберелерін жақсылыққа жақындатып, жамандықтан алыстатып отырады. Өзінің өмірінен сыр шертіп, қолында барын бағалауға баулиды. Жетістікке жетудің жолы еңбекте екенін ұғындырады.

Тектінің тұяғы Биназым Әшірбекқызының барша әлемде оқтың даусы естілмесе деген жалғыз тілегі бар. Балалардың бәріне бірдей балалықтың бал дәмін тату бақыты бұйырса екен дегенді күнде дұғасына қосады. Ләйім, солай болғай!

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суретті түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

## 6 МАМЫР – РАМАЗАН АЙЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІ

# ОРАЗА – ЖАННЫҢ АЗЫҒЫ, ТӘННІҢ ШИПАСЫ

Имандылық шырақтары

**Рамазан айының басталуы – 6 мамыр. Мамырдың 31-інен маусымның 1-іне қараған түн – Қасиетті Қадір түні. ҚМДБ төралқасының шешімі бойынша биылғы пітір садақаның ең төменгі мөлшері 300 теңге болып бекітілді.**



Құранда парыз етілген оразаға ата-бабаларымыз ешқашан бей-жай қарамаған. Ауыз бекіткен жанның сауабын жомарттығы мол жасаған иенің өзі өлшейтіндігін, бес күндік тіршіліктің мәні құлшылықта екендігін, бұ дүниенің бейнеті, ақыреттің зейнеті екенін мұсылман қауым жақсы түсінген. Сол себепті ғапылдыққа ұрынбай, мұсылмандық парызды өтеуді міндет деп қараған. Сондықтан да жылына бір келер отыз күн оразаны барынша құрметпен қарсы алған. Рамазан айында Жаратушының мейірімі төгіліп, рақымы жауатынын, сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) өнегесін дәріптейтін, пәни өмірдің жалған, бақи өмірдің арман екенін түсіндіретін жарапазан айтқызған. Ел бірлігінің ұйытқысы дінде екенін жақсы білген бабаларымыз тіршілігінде мұсылмандық міндеттерді халыққа насихаттап отырудан жалықпаған. Қол қусырып, құбылаға бет түзеу, ораза ұстап, бес уақыт намазды қаза қылмау – көкейіне жиғаны, көкірегінде иманы бардың белгісі деп білген.

Жалпы Ораза (араб.: صوم «ас-саум» – өз нәпсісін тыю, жаманнан алыстау, парс روزه «ураза» – күндік) – тәуліктің күндізгі уақытында ауыз бекіту. Ораза ұстау – исламның негізгі бес парызының үшіншісі. Ораза ұстаған адам таң атқаннан күн батқанға дейін ниетін бекітіп, ішіп-жеуден, басқа да оразаны бұзатын нәрселерден аулақ болуы тиіс. **Мұсылмандарға рамазан айында ораза ұстау – парыз.** Рамазан – адамдарға тура жол нұсқаушы, ақ пен қараны айырушы. Бақара аятында: «Рамазан айы туғанын көрген адам ораза ұстасын. Кімде-кім ауру болып, әйтпесе сапарда жүрсе, онда басқа күндерде өтесін. Алла сендерге жеңілдік болуын қалайды, ауырлық түсіргісі келмейді» делінген. Ораза ұстаудың шарты ғибадат болғандықтан оны парыз ретінде кімнің орындауға міндеттілігі немесе кімдердің босатылатыны, қабыл болу-болмауының шарттары, бұзылатын немесе бұзылмайтын жағдайлары шариатта бекітілген.

Ораза адамның рухани-интеллектуалдық өсуіне, тақуалыққа жетіп, Құдайға жақындай түсуіне ықпал ететін ғибадат екендігі жайлы хадистерде жеткілікті. Қазақ дәстүрлі қоғамында ораза ғибадатын өтеуге байланысты ислам әдебімен орайлас, халықтың тұрмыс-салтына етене болып қалыптасқан игілікті дәстүрлері де бар. Пайғамбар өсиетіне сай оразаны орындау үшін сәресіні шүйіркелесіп ішу отбасының берекесін кіргізеді. Рамазан айында өзара ауызашарға шақырысу дәстүрге айналған. Аузы берік адамның бос сөзден, орынсыз әрекеттерден бойын аулақ салып, жаман істерден тыйылуы, ғибадатын арттырып, бос уақытын дін іліміне тереңдеп, зікір, салауат айтумен өткізуі абзал. Бұл да оразаның сауабын арттыратын амалдар. Оразаның қоғамдағы пайдасы – жаратушы мен адам, адамдар мен әлем арасындағы түсіністік артып, мейірімділігін арттырады. Адамдар ырзық-несібенің қадірін түсініп, дәулетті мен жоқ-жітік арасында байланыс орнайды.

Парыз оразадан басқа уәжіп, сүннет, мұстахаб, мәндүп, нәпіл, мәкру оразалар бар. Ораза белгілі бір себеппен бұзылған жағдайда қазасын өтеуге болады, ал себепсіз қасақана бұзылған ораза өтеуіне кәфәрат оразасын тұтынады.

Ораза ырыс-берекенің қадірін білдіреді. Негізі адам баласы өзіне берілген нығмет пен ырыс-берекенің қадірін біле бермейді. Егерде адам баласы ауыз бекітіп, күні бойы аш қалғанда, тағамның Ұлы Жаратушының құнына жайған дастарқанындағы үлкен ырыс-берекесі екенін аңғарады. Ол күні бойы аш қалып, кешқұрым ауыз ашқанда, аузына салған қатқан нанның да қаншалықты қадірлі екенін сезеді. Тоқ адамның дәл солай сезуі әсте мүмкін емес.

Ораза, сабырлылық пен төзімділікке үйретеді. Ай бойы аш қалып, күндіз аузын ашпауға бекініп, әбден дағдыланған адамның бойында сабырлылық пен шыдамдылық сезімі күшейіп, өркен жаяды. Аштық пен құмарлық сезімге сабыр қылған, өзгеге де сабыр ете алады. Бойдағы ашу мен жеңілдігіне сабыр-тізгінін салып, жанарында ойлылық пайда бола бастайды. Бұл ғұмырда нағыз сабыр – өз нәпсісін жеңе біліп, Алла Тағаланың ақ жолында жүруге бел байлау. Ақырет әлеміндегі асқақ тыңнан көз айырмау. Оразаға төзе білген өзге ғибадаттарға да шыдамдылық таныта алады. Сабырлылық күшіне ие болған жан ғана, діттеген мақсатына жете алады. «Оразалымен оттас бол, имандымен жолдас бол» демекші, елімізде Рамазан айының қасиетін парықтап, ораза ұстаушылар қатары жылдан-жылға молайып келе жатқанын ескерсек, бақыттың басы бізге де бұрылуы алыс емес сияқты. Лайым солай болғай!

**Нұрбол ТАҒАЕВ,**
**Жезқазған қаласы Ахмет ишан**
**Оразайұлы атындағы мешіттің бас имамы**

## ҚҰТТЫҚТАУ



## *Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!*

***Құрметті облыс тұрғындары, жерлестер!***

Сіздерді күллі мұсылман қауымы асыға күткен қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа шаттық пен бақыт, бірлік пен береке тілеймін! Баршаңызға Жаратқан Ием жар болсын!

Рамазан айы – жер бетіндегі Алланы бір деп мойындаған, иманның шарттарына шүбәсіз сенген адамзат баласының сағынып күтетін, бізге екі дүниенің бақытының кілтін ашатын қасиетті Құран Кәрім аяттары түсе бастаған сондай бір мүбарак ай.

Шындығында, ораза басқа негізгі ғибадаттарға қарағанда Алла Тағала алдында өзіндік ерекшелігімен дараланады. Себебі, пайғамбарымыз (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) біздерге баяндағандай «*Әрбір жақсылық оннан жеті жүз есеге дейін еселенеді. Ораза болса Мен үшін оның сауабын Өзім беремін*» деген.

Бұл айдың басты ерекшелігі, Алла Тағала Исламның бес парызының бірі болған оразаны парыз етті. Екіншіден, адамзат баласын тура жолға бағыттайтын, ақиқат пен жалғанды, сауап пен күнә арасындағы парықты айқындап беретін қасиетті Құран осы айда түсірілді. Сондықтан бұл айда оқылған Құран аяттарының сауабы, атқарған ізгі іс-амалдардың сауабы өзге айларға қарағанда еселеп артады.

Құран Кәрімнің «Зумар» сүресінің 10-шы аятында: ***«Сабыр қылушылар сауаптарын есепсіз алады»,*** – деген. Ораза сабырлықтың жартысы болады, сауабы есептеуге келмейді.

Оразаның әрбір мүмінге міндетті құлшылық екендігін Хақ Тағала: ***«Уа, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей, тақуалыққа жетулерің үшін, ораза ұстау сендерге де парыз етілді»*** («Бақара» сүресі, 183-аят), – деген аят білдіреді.

Ораза – күндіз тек ішіп-жеуден өзін шектеу деген сөз емес. Ораза – рухтың азығы, тәннің шипасы. Рамазан жан мен тәнді рухани тазартатын, мұсылман үшін үлкен сабыр мектебі. Ораза нағыз шынайы тақуалық пен сабырлыққа жетелейді.

Біздің халқымыз ежелден Рамазанды ерекше қастерлеп: «Он екі айдың сұлтаны», – деп атаған. Берекесі мол айда жарапазан жырын айтып, оразаның келгенін қуанышпен жеткізіп, насихаттаған.

***Қадірлі ағайын!***

Алланың рахым айы – Рамазан құтты болсын! Қасиетті айда ұстаған оразамыз, жасаған дұға-тілектеріміз, құлшылық-ғибадаттарымыз, әрбір қайырлы амалдарымыз қабыл болғай! Алла Тағала отбасымызға амандық, жұмысымызға береке-бірлік нәсіп еткей! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, халқымыздың бірлігі нығайып, берекесі арта бергей! Тәуелсіздігіміз әрқашан баянды болғай! Әумин!

**Өмірзақ қажы БЕКҚОЖА,**
**ҚМДБ-ның Қарағанды облысы бойынша өкіл имамы,**
**Қарағанды облысының бас имамы**

# 2019 ЖЫЛҒЫ ОРАЗА КЕСТЕСІ

***(Хижри 1440 жыл)***

***(Жезқазған уақыты бойынша)***

| Рамазан айының реті | Мамыр-маусым айлары | Апта күндері | Сәресі ішу осы уақытқа 10 мин қалғанда тоқтатылады | Ауыз ашу уақыты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 6 мамыр | Дүйсенбі | 04:20 | 20:51 |
| 2 | 7 мамыр | Сейсенбі | 04:17 | 20:52 |
| 3 | 8 мамыр | Сәрсенбі | 04:15 | 20:54 |
| 4 | 9 мамыр | Бейсенбі | 04:13 | 20:55 |
| 5 | 10 мамыр | Жұма | 04:11 | 20:56 |
| 6 | 11 мамыр | Сенбі | 04:09 | 20:58 |
| 7 | 12 мамыр | Жексенбі | 04:07 | 20:59 |
| 8 | 13 мамыр | Дүйсенбі | 04:04 | 21:00 |
| 9 | 14 мамыр | Сейсенбі | 04:02 | 21:02 |
| 10 | 15 мамыр | Сәрсенбі | 04:00 | 21:03 |
| 11 | 16 мамыр | Бейсенбі | 03:58 | 21:04 |
| 12 | 17 мамыр | Жұма | 03:56 | 21:05 |
| 13 | 18 мамыр | Сенбі | 03:54 | 21:07 |
| 14 | 19 мамыр | Жексенбі | 03:52 | 21:08 |
| 15 | 20 мамыр | Дүйсенбі | 03:50 | 21:09 |
| 16 | 21 мамыр | Сейсенбі | 03:48 | 21:10 |
| 17 | 22 мамыр | Сәрсенбі | 03:46 | 21:11 |
| 18 | 23 мамыр | Бейсенбі | 03:44 | 21:13 |
| 19 | 24 мамыр | Жұма | 03:43 | 21:14 |
| 20 | 25 мамыр | Сенбі | 03:41 | 21:15 |
| 21 | 26 мамыр | Жексенбі | 03:39 | 21:16 |
| 22 | 27 мамыр | Дүйсенбі | 03:37 | 21:17 |
| 23 | 28 мамыр | Сейсенбі | 03:36 | 21:18 |
| 24 | 29 мамыр | Сәрсенбі | 03:34 | 21:19 |
| 25 | 30 мамыр | Бейсенбі | 03:32 | 21:20 |
| 26 | 31 мамыр | Жұма | 03:31 | 21:21 |
| 27 | 1 маусым | Сенбі | 03:31 | 21:22 |
| 28 | 2 маусым | Жексенбі | 03:31 | 21:23 |
| 29 | 3 маусым | Дүйсенбі | 03:31 | 21:24 |
| 30 | 4 маусым | Сейсенбі | 03:30 | 21:25 |

**Ауыз бекітердегі ниет:** «Таңертеннен кешке дейін Алланың ризалығы үшін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім».

**Ауызашар дұғасы:** «Аллаһым! Сенің ризалығың үшін ораза ұстадым. Сенің берген ризығыңмен аузымды аштым. Саған иман етіп, саған тәуекел жасадым. Сен менің өткен және келешек күнәларымды кешір».

Пітір садақа Қазақстанның барлық қалаларында 300 теңге болып бекітілді

## ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

# ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН

Ұлтын шексіз сүйіп, саналы ғұмырын халық мүддесі үшін тер төгуге арнаған азаматтар аз емес қазақта. Сондай тұлғалардың бірі Файзолла Оразаев десек артық айтқандық емес. Әр жылдары «Лениншіл жас» газетінде, «Мәдениет және тұрмыс» журналында, «Қазақфильм» киностудиясында, «Жұлдыз» журналында, Әдебиет және өнер институтында, Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде қызмет ете жүріп, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын дәріптеуге, ұрпақ тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты. Қазақ журналистикасының, әдебиетінің тарихын зерттеп, ғылыми еңбектер жазды.

Оның «Басты тұлға», «Жастық шақ театры», «Замана қаһарманы», «Қазақ әдебиетін зерттеушілер» зерттеу еңбектері жарық көрген. «Қазақ театрының тарихы» I, II томдар, «Стиль сыры», «Уақыт және қаламгер», «Художественное искание современной многонациональной литературы», «Фольклор. Литература и история Востока», «Қазақстандағы патша отаршылдығы» қатарлы кітаптары – қазақ ғылымына, көсемсөзіне қосылған құнды ғылыми қазына.

Ел Тәуелсіздігінің арқасында ғылым мен білімнің көкжиегі кеңейіп, жаңа оқу орындары, ғылыми зерттеу орталықтары ашылды. Алматы халықаралық журналистика институты, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясы, Халықаралық мамандықтар университеті сынды іргелі ордалар солардың қатарында. Осы мекемелерде басшылық еткен Файзолла Оразаев жаңа заман талабына сай маман даярлау ісінде де өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

Файзолла Мұртазаұлының ғылыми ізденістерінің бір саласы – журналистика. Ол – «Орыс журналистикасының тарихы», «Қазақ журналистикасының тарихы», «1996. Қ.Алдабергенов пен Ж.Нұсқабайұлымен бірге» және т.б оқулықтардың авторы. Орыс жазушылары М.Горькийдің, А.Станюковичтің, өзбек жазушысы П.Қадыровтың, У. Хашимовтің шығармаларын қазақ тіліне аударған. Бұл еңбектер өзінің ғылыми құндылығын ешқашан жоймақ емес.

Көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз Файзолла Оразаевтың ерен еңбегі мен ғылымға деген махаббатын замандастары, әріптестері мен шәкірттері әділ бағалады.

«...Кейін ұстаздық қызметке ауысқан соң, журналистиканың тарихы мәселелерімен айналысып, оқулық, ғылыми сипаттағы бірнеше еңбектер жазды. Ғалымның зерттеушілік аясы кең. Ол сөз өнерімен қоса қазақ театры, ел проблемалары, бүгінгі рухани өміріміздің келелі мәселелері хақында да қалам тербеген білікті адам», – дейді өз естелігінде ол туралы сыншы-ғалым, филология ғылымдарының докторы Данбай Ысқақ.

Қазақ журналистикасына сіңірген еңбегі өлшеусіз екенін жоғарыда айттық. Кейінгі толқын журналистердің бірнеше буынына ұстаздық еткен Сағатбек Медеубекұлының мына бір сөзі Файзолла Мұртазаұлының сол еңбегін тағы да қуаттай түседі.

«Ұлтына қызмет ету тамыры терең тегіне дарыған ұлағатты ұстаздың ұрпақ санасынан кетпейтіні ісі қазақ журналистикасымен байланысты жылдардан-жылдарға жалғасып келіп, енді шәкірттері арқылы ғасырларға сабақтасады. Аталары халық санасын ояту мақсатында ұлттық баспасөзді қалыптастыруға қандай күш салса, Файзекең де сол үрдісті заман талабына орай әрі қарай дамыта ұластырып, халықаралық деңгейге көтеру жолында жеке өзі бір институт ашқаны және газет шығарғаны тарихта тайға таңба басқандай айшықталып қалды. «Ғалымның хаты өлмейді» деген халық даналығы да осы Файзекеңе қатысты. Оның соңында ұлтымен бірге жасай беретін ұстаздық ұлағаты, тасқа басылған ғалымның хаты, ізгілікті ісі қалды. Сол себепті де Файзолла Оразаев есімі ұрпақпен бірге жасай беретіні кәміл», – дейді Сағатбек Медеубекұлы.



Ақын, филология ғылымдарының докторы (2004), профессор (2007), Қазақстан Журналистика академиясының (2006) және Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп ұлттық ғылыми академиясының корреспендия мүшесі Бауыржан Жақып Файзекеңнің жанкешті еңбегін оның тектілігімен байланыстырады.

«Файзолла Мұртазаұлы – текті тұлғалардың бірі еді. Ол кісінің атасы Ахмет ишан Оразайұлы өткен ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы шығарған тұңғыш ұлттық «Қазақ» газетіне қаржылай көмектескендігі тарихтан белгілі. Файзолла ағай өзі де бүкіл ғұмырын қазақ ұлтының көркеюіне арнады. Қазақ Мемлекеттік университетінде журналист мамандарын даярлауға «Журналистика тарихы» кафедрасының меңгерушісі ретінде үлкен үлес қосты. 1994 жылы Халықаралық журналистика институтын ашып, кейін оны Халықаралық мамандықтар университетіне айналдырды. Сөйтіп, қиын-қыстау кезеңде тұңғыш жекеменшік жоғары оқу орнының ректоры болып нарыққа ерте бейімделді. Мыңдаған шәкірттері бүгінде Тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне үлес қосып жүр. Ол филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін 37 жасында қорғады. Қазақ театр өнерінің қалыптасу, даму жолдары туралы монографиялық еңбектер жазып қалдырды. Журналистика тарихын зерттеуде бірнеше кітаптар жазды. Әдебиет сынына араласты. Бірнеше орыс қаламгерлерінің шығармаларын аударды. Рубаяттар жанрында өлең де басып шығарды. Әсіресе «Царьская колонизация в Казахстане» атты құнды архив құжаттарынан құрастырған еңбегінің маңызы зор», – дейді Бауыржан Жақып ғалым туралы естелігінде.

Бар ғұмырын ұлтын ұлықтауға, ұлт тарихын тірілтуге арнаған, ұлттың үні болған «Қазақ» газетіндей басылымды оқырманмен қайта қауыштырған Файзолла Мұртазаұлы Оразаевтың бұл дүниеден өткеніне де қырық күн толыпты. Қазақ руханиятының алып бәйтерегінің құлағанына да міне қырық күн. Қазақ «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дегенді бекер айтпаған ғой. Ғылыми маңызы зор құнды еңбектері, саналы шәкірттері барда Файзолла Оразаевтың есімі мәңгі жасайды.

**Жомарт ТАЙМАС**

## 7 МАМЫР ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ

# ОТАН ҚОРҒАУ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

***(Соңы. Басы 1-бетте)***

Атуды меңгереді. Қысқа мерзімді қызметті аяқтаған соң оларға әскери билет тапсырылады. Бұл оқуды бір жылдық әскери өмірмен салыстыру мүмкін емес. Жыл сайын :езқазғаннан 10-15 жігіт осы оқуға баруға ниет танытады.

***– Отан үшін отқа түсетін жауынгер жігіттердің азаюына не себеп?***

– Айыптап, кінә тағудан аулақпын. Бірақ, жастардың арасында белең алып бара жатқан Отан алдындағы борышын өтеуден қашқақтаудың салдарын тереңнен іздеу қажет. Ертеректе әскер қатарына алыну абырой болса, қазір ата-аналардың өзі баласына «әскерге бармайсың» дегенді құлағына құйып өсіреді. Әрине, мұны естіп өскен жас Отан алдында борышым бар демейді.

Сондықтан, «Тәрбие тал бесіктен» демекші, әр шаңырақта әскер жігіттің шымырлығын шыңдап, жігіттігін арттыратын өмір мектебі екені айтылу тиіс. Рас, ата-аналар баласының болашағы үшін алаңдайды. Күнделікті тарап жатқан жағымсыз хабарлардың да әсерлері болар. Дегенмен, әскерде өлімжеттік көрсеткішінің деңгейі өте төмен. Қайта күнделікті өмірде қоғамда болып жатқан қылмыстардың саны одан жүз есе артық.

Әскер негізі азаматты шыңдайды. Қиындықты жеңуді, шалт-қимылды үйретеді. Ұқыптылыққа тәрбиелейді. Түрлі әскери қаруды игеруге икемдейді. Әрбір азаматтың әскерде болғаны дұрыс. Онда темірдей тәртіпті үйренеді. Біздің әкелеріміздің уақытында әскерге бармау ұят саналатын. «Қыздар қарамайтын» дейтін әкем. Қатарынан қалып қоюды намыс санаған алдыңғы толқыннан қазіргі жастардың үйренері көп. Қазір жастар өз елімізде, өз жерімізде небәрі бір-ақ жыл отандық борышын өтесе, әкелеріміз екі, тіпті үш жыл Кеңес Одағының кез келген жеріне жіберілетін. Не елді, не тілді білмеген олар аман-есен борышын өтеп елге оралды. Әскерге барғаннан жаман болмады.



Отан алдындағы өз жауапкершілігін сезініп, ұғынған жас ертеңгі күні берік отбасын да құрады. Оны қорғап, жеткізеді де. Ал, сарбаз атанудан болмашы сылтау айтып қашқандар бұл қасиетке ие болары екіталай. Міне, сондықтан біздің қоғамда айырылысу фактілері жиілеп кетті деп санаймын.

Әскерден жалтарғандар қазір заң жүзінде жазаға тартылатынын еске сала кеткенді жөн санаймын. Енді әскерге барудан қашқан дені сау азаматтар бір жылға дейін бас бостандығынан айырылып, немесе бірнеше миллион көлемінде айыппұл төлеуге міндеттеледі. Ал, денсаулығына байланысты жалған құжаттар жасатса, одан екі есе көп айыппұл төлейді немесе осы қаржыны өндіру мақсатында қара жұмысқа жіберіледі.

***– 7 мамыр Отан қорғаушылар күні қарсаңында қандай тілегіңіз бар?***

– Кеудесінде намысы, жүрегінде оты бар Тәуелсіз еліміздің рухты ер-азаматтары көбейсін. Абыройлы қызметін өтеу үшін жауынгер атанып, елдің Қарулы Күштері қатарында қызмет етіп жүрген жастар отбасымен аман қауышсын. Еліміздің шекарасын қорғап, құрлықтағы, теңіз бен әуедегі қауіпсіздігін қорғайтын Отан қорғаушылар жасасын!

***– Уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рахмет! Отан қорғау жолындағы істеріңізге береке тіледік.***

**Диана ОРАЗАЛИНА**

*Суретті түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

АО «ПРЕДПРИЯТИЕ ТЕПЛОВОДОСНАБЖЕНИЯ» СООБЩАЕТ

# АУДИТОРСКИЙ ОТЧЕТ

## по проверке финансово-хозяйственной деятельности АО «Предприятие тепловодоснабжения» г.Жезказгана за 2018 год.

Аудиторской компанией ТОО «Внешаудит», государственная лицензия на занятие аудиторской деятельностью №000144 от 07.07.2000 года выдана Мин.Фин РК, в лице аудитора Боранбаева К.Т. (квалификационное свидетельство аудитора №0000014 от 13.06.1994г.) в соответствии с договором от 25.02.2019г. №39-юр произведен аудит финансово-хозяйственной деятельности АО «ПТВС» г. Жезказгана за 2018 год.

По заключению аудиторской проверки финансовая отчетность отражает достоверно, во всех существенных аспектах финансовое положение общества по состоянию на 31 декабря 2018 года, а также финансовые результаты, движение денежных средств и изменения в капитале за год, закончившийся 31декабря 2018 года в соответствии с международными стандартами финансовой отчетности (МСФО).

**Директор АО «ПТВС» Аманбаев Б.Ж.**
**Гл. бухгалтер Усенбекова Г.Е.**

*Приложение 2*
*к приказу Министра финансов*
*Республики Казахстан*
*от 28 июня 2017 года №404*

### БУХГАЛТЕРСКИЙ БАЛАНС
### отчетный период 2018 г.
### Акционерное общество «Предприятие тепловодоснабжения»
### по состоянию на 31 декабря 2018 года

| АКТИВЫ | Код строки | на конец отчетного периода | на начало отчетного периода |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| **I. Краткосрочные активы** | | | |
| Денежные средства и их эквиваленты | 010 | 450 150 | 431 361 |
| Финансовые активы, имеющиеся в наличии для продажи | 011 | | - |
| Производные финансовые инструменты | 012 | | - |
| Фин.активы, учитываемые по справедл. стоимости через прибыли и убытки | 013 | | - |
| Финансовые активы, удерживаемые до погашения | 014 | | - |
| Прочие краткосрочные финансовые активы | 015 | | - |
| Краткосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность | 016 | 1 243 840 | 866 381 |
| Текущий подоходный налог | 017 | 45 012 | 47 126 |
| Запасы | 018 | 437 705 | 418 368 |
| Прочие краткосрочные активы | 019 | 251 593 | 217 606 |
| Итого краткосрочных активов (сумма строк с 010 по 019) | 100 | 2 428 300 | 1 980 842 |
| Активы (или выбывающие группы), предназначенные для продажи | 101 | - | - |
| **II. Долгосрочные активы** | | | |
| Финансовые активы, имеющиеся в наличии для продажи | 110 | - | - |
| Производные финансовые инструменты | 111 | - | - |
| Фин.активы, учитываемые по справедл. стоимости через прибыли и убытки | 112 | - | - |
| Финансовые активы, удерживаемые до погашения | 113 | - | - |
| Прочие долгосрочные финансовые активы | 114 | - | - |
| Долгосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность | 115 | - | - |
| Инвестиции, учитываемые методом долевого участия | 116 | - | - |
| Инвестиционное имущество | 117 | | |
| Основные средства | 118 | 8 942 584 | 8 077 366 |
| Биологические активы | 119 | | - |
| Разведочные и оценочные активы | 120 | | - |
| Нематериальные активы | 121 | 292 | 116 |
| Отложенные налоговые активы | 122 | | |
| Прочие долгосрочные активы | 123 | 14 011 | 12 762 |
| Итого долгосрочных активов (сумма строк с 110 по 123) | 200 | 8 956 887 | 8 090 244 |
| **БАЛАНС (строка 100 + строка 101 + строка 200)** | | 11 385 187 | 10 071 086 |
| **III. Краткосрочные обязательства** | | | |
| Займы | 210 | - | - |
| Производные финансовые инструменты | 211 | - | - |
| Прочие краткосрочные финансовые обязательства | 212 | - | - |
| Краткосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность | 213 | 2 603 276 | 2 379 730 |
| Краткосрочные резервы | 214 | 5 250 | 5 818 |
| Текущие налоговые обязательства по подоходному налогу | 215 | | - |
| Вознаграждения работникам | 216 | 59 250 | 43 317 |
| Прочие краткосрочные обязательства | 217 | 49 412 | |
| | 67 271 | | |
| Итого краткосрочных обязательств (сумма строк с 210 по 217) | 300 | 2 717 188 | 2 496 136 |
| Обязательства выбывающих групп, предназначенных для продажи | 301 | - | - |
| **IV. Долгосрочные обязательства** | | | |
| Займы | 310 | 392 814 | - |
| Производные финансовые инструменты | 311 | - | - |
| Прочие долгосрочные финансовые обязательства | 312 | - | - |
| Долгосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность | 313 | - | - |
| Долгосрочные резервы | 314 | - | - |
| Отложенные налоговые обязательства | 315 | 1 107 697 | 1 051 858 |
| Прочие долгосрочные обязательства | 316 | 1 926 621 | 1 983 946 |
| Итого долгосрочных обязательств (сумма строк с 310 по 316) | 400 | 3 427 132 | 3 035 804 |
| **V. Капитал** | | | |
| Уставный (акционерный) капитал | 410 | 903 917 | 903 917 |
| Эмиссионный доход | 411 | | - |
| Выкупленные собственные долевые инструменты | 412 | | - |
| Резервы | 413 | 2 090 893 | 2 435 781 |
| Нераспределенная прибыль (непокрытый убыток) | 416 | 2 246 057 | 1 199 448 |
| **Итого капитал, относимый на собственников материнской организации (сумма строк с 410 по 415)** | 420 | 5 240 867 | 4 539 146 |
| Доля неконтролирующих собственников | 421 | | - |
| Всего капитал (строка 420 +/- строка 421) | 500 | 5 240 867 | 4 539 146 |
| **БАЛАНС (строка 300 + строка 301 + строка 400 + строка 500)** | | 11 385 187 | 10 071 086 |

*Приложение 2*
*к приказу Министра финансов*
*Республики Казахстан*
*от 28 июня 2017 года №404*

### ОТЧЕТ О ПРИБЫЛЯХ И УБЫТКАХ ОТЧЕТНЫЙ ПЕРИОД 2018 г.
### Акционерное общество «Предприятие тепловодоснабжения»
### За год, заканчивающийся 31 декабря 2018 года

*тыс. тенге*

| Наименование показателей | Код строки | за отчетный период | за предыдущий период |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Выручка | 010 | 5 245 320 | 4 646 138 |
| Себестоимость реализованных товаров и услуг | 011 | 4 109 436 | 3 748 316 |
| Валовая прибыль (строка 010 – строка 011) | 012 | 1 135 884 | 897 822 |
| Расходы по реализации | 013 | 175 415 | 128 955 |
| Административные расходы | 014 | 291 757 | 283 258 |
| Прочие расходы | 015 | 584 429 | 302 641 |
| Прочие доходы | 016 | 646 135 | 642 489 |
| Итого операционная прибыль (убыток) (+/- строки с 012 по 016) | 020 | 730 418 | 825 457 |
| Доходы по финансированию | 021 | | |
| Расходы по финансированию | 022 | | - |
| | 023 | | - |
| Прочие неоперационные доходы | 024 | | - |
| Прочие неоперационные расходы | 025 | | - |
| Прибыль (убыток) до налогообложения (+/- строки с 020 по 025) | 100 | 730 418 | 825 457 |
| Расходы по подоходному налогу | 101 | 28 697 | 47 443 |
| Прибыль (убыток) после налогообложения от продолжающейся деятельности (строка 100 – строка 101) | 200 | 701 721 | 778 014 |
| Прибыль (убыток) после налогообложения от прекращенной деятельности | 201 | | - |
| Прибыль за год (строка 200 + строка 201) относимая на: | 300 | 701 721 | 778 014 |
| собственников материнской организации | | - | - |
| долю неконтролирующих собственников | | - | - |
| Прочая совокупная прибыль, всего (сумма строк с 410 по 420): | 400 | 344 888 | 291 658 |
| в том числе: | | | |
| Переоценка основных средств. Списание резерва от переоценки | 410 | 344 888 | 291 658 |
| Переоценка финансовых активов, имеющихся в наличии для продажи | 411 | - | - |
| Доля в проч.совок. прибыли (убытке) ассоциированных организаций и совм. Деятельности, учитываемых по методу долевого участия | 412 | - | - |
| Актуарные прибыли (убытки) по пенсионным обязательствам | 413 | - | - |
| Эффект изменения в ставке подоходного налога на отсроченный налог дочерних организаций | 414 | - | - |
| Хеджирование денежных потоков | 415 | - | - |
| Курсовая разница по инвестициям в зарубежные организации | 416 | - | - |
| Хеджирование чистых инвестиций в зарубежные операции | 417 | - | - |
| Прочие компоненты прочей совокупной прибыли | 418 | - | - |
| Корректировка при реклассификации в составе прибыли (убытка) | 419 | - | - |
| Налоговый эффект компонентов прочей совокупной прибыли | 420 | - | - |
| Общая совокупная прибыль (строка 300 + строка 400) | 500 | 1 046 609 | 1 069 672 |
| Общая совокупная прибыль относимая на: | | | |
| собственников материнской организации | | - | - |
| доля неконтролирующих собственников | | - | - |
| Прибыль на акцию: | 600 | - | - |
| Базовая прибыль на акцию: | | - | - |
| от продолжающейся деятельности | | - | - |
| от прекращенной деятельности | | - | - |
| Разводненная прибыль на акцию: | | - | - |
| от продолжающейся деятельности | | - | - |
| от прекращенной деятельности | | - | - |

# ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТТЕР – ТЫНЫШ ӘРІ ҚАУІПСІЗ ӨМІР КЕПІЛІ

DIGITAL KAZAKHSTAN

**Электронды қызметтер – тыныш әрі қауіпсіз өмір кепілі екеніне бүгінгі таңда көзіміз анық жетуде. Ал, сіз «өз өміріңіздің қауіпсіз әрі тыныш өтуіне ықпал жасай алып жүрсіз бе?» деген сұрақ туындайды. Ол үшін сізге ЭЦҚ (электронды сандық қолтаңба), интернет желісіне қосылған компьютер, смартфоныңыз ғана қажет. Электронды үкімет порталы «egov.kz» тәуліктің кез-келген уақытында сізге жұмыс жасауға дайын. Елбасы, Тұңғыш Президент Н. Назарбаев өзінің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауында «Жалпы, 2019 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80 пайызы, ал 2020 жылы кемінде 90 пайызы электронды форматқа көшірілуге тиіс» деген болатын.**

Мемлекеттік қызметтерді электронды үкімет порталы арқылы және мекемеге бару арқылы алуды салыстырсақ. Әлдебір қызметті алу үшін мекемеге бардыңыз делік. Ол жер сізге бейтаныс, қайда барып кімнен сұрайтыныңызды білмей абдырап қаласыз. Біраз уақытыңыз кетті, жүйкеңіз шаршады, қаржыңыз шығындалды. Ал, тура сол қызметті электронды үкімет порталын пайдалану арқылы алып көрдіңіз. Ешкіммен тілдесіп, абдырап қалған жоқсыз, жеңіл әрі өте ыңғайлы болды. Жүйкеңізде тыныш, қаржыңызда орнында қалды. Нәтижесінде сізге электронды нұсқада қызмет алған ұнары анық. Электронды қызмет алу – өмір сүрудің тетігін жеңілдетеді. Ыбырай атамыздың: «Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызды» – деген сөзі осы ойымызға дәлел бола алады.

Қазіргі таңда әлем жылдам өзгеру үстінде. Ғылым мен техниканың өркендеген жаһандану кезеңінде өмір сүріп жатырмыз.

Egov – бұл қолжетімді жылдам ақпарат алу көзі. Технологияның қарқынды дамуы қоғамның барлық саласын түбегейлі өзгеріске ұшыратып отыр. Мысалы, Халыққа қызмет көрсету орталығының қызметі жеңілдеген сияқты. Үйде, жұмыста отырып автобусқа, пойызға билет алуға, мемлекеттік органдардан анықтамалар алуға, мемлекеттік сатып алуларға қатысуға (егер сіз заңды тұлға болсаңыз) немесе белгілі бір мемлекеттік органға тікелей шағымдануға («Виртуалды қабылдау»), коммуналдық қызметтерді төлеуге, мекенжай анықтамасын алуға мүмкіндіктері бар.

Еліміз әр жыл сайын бір тарихи жаңалыққа толы кезеңге аяқ басады. Еліміздің мақсаты – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғыруы тиіс.




Қазіргі таңда техника, технология жетістіктерін шеберлікпен пайдаланудың арқасында мемлекеттік органдар мен үкіметтік ұйымдар ел азаматтарымен тұрақты қарым-қатынас жасаудың тиімді жолдарын осы электронды үкімет жүйесі арқылы тапты. Мұның тиімді жақтары айтарлықтай. Қажетті ақпаратты жедел береді, мемлекеттік қызмет көрсетуді тиімді етеді және шығынның аздығымен әрі ашық, жариялылығымен ерекшеленеді. Үкіметтік ұйымдардың да өзара тығыз байланыста жұмыс істеуіне елеулі ықпал ете алады.

Үкімет ұсынған қызметтерді халық ақпарат алмасудың жылдамдығы арқасында тез меңгеруде. Керекті құжаттың электронды нұсқасын пайдалану арқылы қағазбастылық артта қалып, халыққа қызмет көрсету сапасы артып келеді. Бұл – электронды үкіметтің игілігі. Ал, электронды құжат – экономиканы дамытудың негізгі тетігі екені анық.

Мемлекеттік қызметтерді электронды үкіметтің веб-порталы арқылы ала отырып сіз, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауынан алшақ боласыз, жоғарыда айтып өткендей уақытыңыз, қаражатыңызды үнемдейсіз әрі экономиканың қарқынды дамуына да өз үлесіңізді қосасыз. Олай болса өз өміріңіздің тыныш әрі қауіпсіз өтуіне өзіңіз кепіл болыңыз!

**Ерден САҒЫНДЫҚОВ,**
**мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының бас маманы**

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



**Құрметті Айып Асылханұлы Байқасынов!**

*Қалалық ардагерлер кеңесі Сізді мерейлі 70 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.*

*Саналы ғұмырыңыз бен білім-біліктілігіңізді мемлекеттік қызметке арнап, Жезқазған аймағының мекеме, кәсіпорындарының экономикалық және қаржылық әл-ауқатының дамуына зор үлес қостыңыз.*

*Әріптестеріңіз бен достарыңыз Сізді бойыңыздағы адамгершілік, әдептілік пен қарапайымдылық қасиеттеріңіз, сондай-ақ, қызметіңізге деген асқан жауапкершілігіңіз үшін бағалайды.*

*Осынау мерейлі күні Сізге және жақындарыңызға зор денсаулық, шаңырақтарыңызға құт-береке тілейміз!*

**Ізгі тілекпен: қалалық ардагерлер кеңесі**

***Құрметті жезқазғандықтар!***
***Сіздерге 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне арналған және 9 мамыр Жеңіс күніне арналған мерекелік бағдарламаны ұсынамыз!***

***03.05.2019 ж. сағат 11:00***

Жеңіс күніне және Совет Одағының батыры Нүркен Әбдіровтің 100 жылдығына арналған еңбек ардагерлері хор ұжымдарының **«Ардагерлер ән салады»** облыстық фестивалі

**«Ерліктері мәңгі ел жадында»** Н. Әбдіров – 100 жыл. Ерлік көрмесі

**Халықтар достығы мен мәдениет үйі**

***06.05.2019 ж. сағат 15:00***

7 мамыр Отан қорғаушылар күніне арналған қалалық салтанатты жиын

**С. Қожамқұлов атындағы сазды-музыкалық театры**

***07-09.05.2019 сағат 10:00***

Жезқазған қаласының бапкер-жаттықтырушысы Ж.А. Қалмағанбетовты еске алуға арналған футболдан 2004-2005 ж.т. кіші жасөспірімдер арасындағы ашық турнир

**«Металлург» стадионы**

***08.05.2019 сағат 10:00***

9 Мамыр Жеңіс күніне арналған дзюдодан 2006-2007 ж.т. жасөспірімдер арасындағы Жезқазған қаласының біріншілігі

**«Ұлытау» спорт сарайы**

***2019 жылдың мамыр айы***

**«Елінің ерен батырлары»** экскурсия

**Жезқазған қаласының тарихи-археологиялық музейі**

***9 мамыр***

**«Ерлікке тағзым!»** 9 мамыр Ұлы Жеңістің 74 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар циклы:

– Мерекелік шеру */сағ. 10.00/*
– Мерекелік митинг */сағ.10.45/*
– Мерекелік концерт */сағ.11:30- 14:30/*
– Кешкілік мерекелік концерт */сағ.19.30-21:30/*
– Мерекелік от-шашу */сағ. 21:30/*

**Алаш алаңы, Даңқ аллеясы, Алғашқы құрылысшылар алаңы**

# ТҰЛҒА ӨМІРІ – ҰРПАҒЫНА ӨНЕГЕ

**Халықтың тарихы оның атақты ұлдарының есімдерімен тікелей байланысты. Қазақтың көрнекті ғалымы, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және оның алғашқы президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 120 жылдығына арналған «Қаныш Сәтбаев: Тұлға. Патриот. Ғалым» атты телекөпірді Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасымен бірге жезқазғандық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы ұйымдастырды.**



Шараға Қаныш Сәтбаевтың көзін көрген ардагер металлург Нығмат Ілиясов, еңбек ардагері Алтыншаш Жармағанбетова, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің «Тарих және археология» бөлімінің басшысы Қабдол Әуезов және Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің 5-7 сынып оқушылары қатысты.

Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Ғалия Түгелбаева ғалымның Жезқазған аймағына сіңірген еңбектеріне тоқталып, шара қатысушыларына мол мағлұмат берді. Нығмат Ілиясов Қаныш ағамен қандай жағдайда кездескені, Жезқазған мыс зауытының құрылысы жайында кеңірек баяндаса, Алтыншаш Жармағанбетова Қ.Сәтбаевпен таныстығы мен оның зайыбы Тайсия Алексеевна жайлы әңгіме өрбітті. Сонымен қатар, ғалымның құрметіне ұлының есімін Қаныш қойғанын да жеткізді. Тарихшы Қабдол Жанділдаұлы Қаныш Сәтбаевтың ғылымға қосқан үлесі мен ғалымның әлі де зерттелмеген тұстары көп екеніне тоқталды.

Телекөпір арқылы байланысқа шыққан Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының ұжымы мен Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, жалпы тарих, археология және этнография бөлімінің меңгерушісі Дархан Тастемірұлы Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен қызметіне қатысты қызықты мәліметтерден хабардар етті. Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің оқушылары Қ.Сәтбаевтың 120 жылдығына арнайы шығарған «Қаныш жауһарлары» атты жыр жинағына енген өлеңдерін жатқа айтып берді.

Шара соңында орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Ғалия Өмірзаққызы қонақтар мен жас ақындарға алғыс білдіріп, естелікке кітаптар табыстады.

**Жанар ТУКЕНОВА,**
**Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының меңгерушісі**

## БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

# БИ ӘЛЕМІНЕ БОЙЛАТТЫ

**Жезқазған музыкалық колледжінің «Әлеуметік-мәдени қызмет және ұлттық көркем өнер» бөлімі С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрында концерт ұйымдастырды.**



Концерт «Жастар жылы» аясында және 29 сәуір – Дүниежүзілік би күніне орай өтті. Бұл атаулы күнді 1982 жылы ЮНЕСКО бекітті. Халықаралық би күнін дәл осы күнге қоюдың себебі, 29 сәуір француздық балетмейстер, би өнерінің негізін салушы әрі теоретигі Жан Жорж Новер өмірге келген. Ол тарихта «балет өнерінің атасы» ретінде қалған.

Халықаралық би күні – барлық елдің биін біріктіруге қызмет етіп келе жатқан атаулы күн. Бұл өнер түрі әр түрлі ұлт өкілдерінің басын қосып, ынтымақтастық пен бейбітшілікке баулып, этникалық қарым-қатынасты одан әрі нығайта түседі. Бидің де өзі үні, өз тілі болады. Би де талғамды қажет етеді. Тілмен түсіндіре алмайтын жайтты әртүрлі қимылдармен жеткізуге болады. Биде де аса терең философиялық ой жатады.

Музыкалық колледж студенттері дайындаған кеште әркім түсіне бермейтін би әлеміне саяхат жасалды. Олар сахнада бидің қалай өмірге келетінін көрсете білді. Сонымен қатар, «әлеуметік-мәдени қызмет және ұлттық көркем өнер» бөлімінде оқитындар гримм салуды да үйренеді екен. Студенттердің жұмысын дефилеге шыққан кішкентай бүлдіршіндер көрсетті. Кәсіби биші болу үшін қыз-жігіттерге музыканы ұғынатын түйсігі мықты болу керек. Сол үшін де оларға фортопианода да ойнай білу талап етіледі. Бишілер өздері аталмыш аспапта ойнап, өздері би партиясын орындады. Сонымен қатар, болашақта хореограф болғысы келетін студенттерге педагогикалық білім беріледі. Сол біліммен олар әртүрлі жастағы балалармен би ансамбльдерін құра алады. Студенттердің кәсібилігі сыналған концертте «Шалқыма» би ансамблінің кішкентай қыздары сахнадан табылып, өнерлерін көрсетті.

Кейін ұлттық билерге кезек берілді. Қазақтың «Аққу», «Қосалқы», «Көзіңнің мөлдірін-ай» билері, орыстың «Калинка» биі, тау халқының «лезгинкасы», тәжіктің «ойна» биі, екі жастың махаббатын бейнелейтін үнді биі – к иелі сахна төрінде осыны бәрі көрініс тапты.

«Біз – қазақтың қыздары» деп өлең шырқаған болашақ кәсіби бишілер концерт соңында осы уақытқа дейін жеткен жетістіктерін көпшілікке паш етті. Оның ішінде облыстық, республикалық байқаулардан жеңіп алған кубоктар бар. Дегенмен, халықаралық конкурстардан жеңіп алған бас жүлделер басымырақ екенін атап өту керек.

Концертті қорытындылау үшін музыкалық колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Жанна Баймұратова сөз алды. Ол биші мамандығын алып жүру қиын әрі қызық екенін атап өтті. Сонымен қатар, кәсіби мамандарды дайындауда бөлім меңгерушісі Елена Молодинаның еңбегі ұшан-теңіз екенін атап өткен ол кеш қонақтары мен ұйымдастырушыларына зор алғысын білдірді.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

# ҚАЛА МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛДЫ

**№1 орта мектеп оқушылары мен ұстаздары мысты шаһардың 65 мерейтойына арнап «Ұлы даланың кербез төсіндегі Жезқазғанға 65 жыл» атты концерт ұйымдастырды.**




Туған жердің тарихын біліп оны ұлықтау – әрбір отансүйгіш жастың парызы. Өскелең ұрпақтың туған ауылы немесе қаласының өркендеуі үшін еңбек ете алатын болса бұл әрбір саналы адам үшін екі еселенген бақыт. Осыны ұғынған мектеп оқушылары Жезқазғанның мерейтойына тыңғылықты дайындалғандары бірінші сәттен бастап-ақ көрініп тұрды.

Мерекелік шара қаланың тарихына арналған көрмемен бастау алды. Сондай-ақ, көрмеге қойылған туындылар арасында қалаға арналған оқушылардың кәдесыйлары да ерекше назарды аударды. Олардың ішінде қалада бой көтерген ескерткіштер бейнеленген мозайка, сағат, ағаш бұйымдары бар. Сондай-ақ, шара қонақтары «Nur Otan» партиясының цифрландыру үдерісіне үлес қосу мақсатындағы «Балаларға арналған тегін IT сыныптар» жобасы аясында ашылған «IT-Class» пен «Intellectum» кабинеттерін тамашалады. Бұнда мектептің жас өнертапқыштары робототехника кабинетінде 3Д принтердің көмегімен және лего құрастырғышымен жасаған бұйымдарын таныстырды.

Концертке «Нұр Отан» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова, қалалық білім бөлімі тәрбие секторының меңгерушісі Гаухар Жақыпбекова, қаладағы мектеп басшылары, ата-аналар қатысты.

Тарихқа тереңірек үңілуді жөн көрген оқушылар алдымен Қаныш Сәтбаевтың Жезқазған кен орнын қалай тапқанын көрініс арқылы көрсетті. Қара шаңырақ Қарсақбай, Үлкен Жезқазған торабы, қаланың өндіріс ошағына айналған мыс зауыты, **«Қазақмыс»** корпорациясы осының барлығын бір сахнада көрініс тапты.

Жезқазған – өнер ордасы. Талай ән де, жыр да осы киелі мекенде туған. Оған Кәкімбек Салықов, Жақсыкелді Сейіловтің туындылары дәлел. Мектеп оқушыларынан құрылған ансамбль «Ана туралы балладаны» жанды дауыста орындады. Сонымен қатар, қаланың әнұранына айналған «Жезқазған маршы» да орындалды бұл күні. Одан кейін мектептің қалам тербеп, өлең шығаратын ұстаздары мен оқушылары мысты қалаға арналған жыр шумақтарынан шашу шашты. Ұстаздардың биі көпшілікті таңқалдырмай қоймады. Осындай мерекелік концертті өткізіп, ұйымдастыруда мектеп мұғалімдерінің еңбегін айтып кетпеске болмас. Әсіресе, №1 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салтанат Бакееваның ұйымшылдығы мен басқарушылық қабілетінің нәтижесінде осындай ұмытылмас әрі ерекше концерт өтті.

Өлең айтылып, би биленген мерекелік кешті мектеп басшысы Әбдірахман Досанов құттықтау сөзімен жалғады. Нұр Отан» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова, білім бөлімінің тәрбие секторының меңгерушісі Гаухар Жақыпбекова де сөз алды. Олар өскелең ұрпақтың Жастар жылымен тұспа-тұс келген қала мерейына тартуы мысты шаһар үшін ерекше сыйлық екенін атап өтті.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

## БӘРЕКЕЛДІ




# БҮЛДІРШІНДЕР ЖЕҢІСІ

**№8 «Айсұлу» инклюзивті бөбекжайының бүлдіршіндері «Күміс қоңырау» балалар шығармашылық байқауынан жүлделі оралды.**

Биыл біздің қаламыз үшін ерекше жыл. Елбасы 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялаcа, осы тарихи шешімге Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы тұспа-тұс келді. Осындай айтулы шара аясында «Күміс қоңырау» балалар шығармашылығы конкурсы өтті. Байқауға аудан, қалалардан мектепке дейінгі ұйымдар қатысты.

Біздің бүлдіршіндер бұл байқауда «Жезқазған – махаббатым менің» қойылымын қойып, көпшілікті тамсандырып, жүлделі І орынды иеленді. Әр бала бұл қойылымға тыңғылықты дайындалды. Бұл жетістік тәрбиешілер мен балалардың және ата-аналардың ортақ еңбегінің нәтижесі. Бүлдіршіндер түрлі сайыстарға қатысып, өздерін әр қырынан шыңдай алады. Біз, педагогтар ұжымы өнерге ұмтылған, өнерлерін шыңдап, үлкен сахнада өнер көрсетіп, көпшіліктің көңілінен шыққан өнерпаз бүлдіршіндерімізді мақтаныш етеміз. Бұл, біздің бөбекжай үшін зор жетістік.

**Самал АХМЕТБЕКОВА,**
**қазақ тілі пәні мұғалімі**




# ЕЛДАРА «ӘНШІ БАЛАПАН» АТАНДЫ

**Биылғы «Әнші балапан» жас өнерпаздар байқауы Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы аясында өткізілді. Өнер сайысына қатысуға 21 бала ниет білдірген.**

Көңілін шаттық кернеген әр баланың бойындағы дарыны мен талантын ашып, дамыту мақсатында ұйымдастырылған байқау жоғары деңгейде өтті.

Барлық балалар өнерлерін көрсетіп болған соң, әдеттегідей қазылар алқасы ақылдаса келе байқау қорытындысын жария етті. Қатысушылардын озық болып, жоғары деңгейде өнер көрсеткен ұлытаулық Елдара Обайдулина бас жүлдеге ие болды. Сәтбаев қаласынан келген Таңат Көршіхан жүлделі І орынды иеленсе, Назерке Балғынбек пен Карима Тасқынова ІІ орынды өзара бөлісті. Біржан Мұханбетрақым, Еркін Ислам және Талап ауылынан келген «Әсем-ай» тобы ІІІ орынға ие болды. Одан бөлек басқа қатысушылар да марапатсыз қалған жоқ. Жүлделі орындардан бөлек жеті номинация үйлестірілді.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

# ШЕБЕРЛІКТІ ШЫҢДАУ – ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ

**№8 гимназияда «Үш тілді білім беру – заман талабы» тақырыбында облыстық семинар өтті.**



Қала мектептерінде физика, химия, информатика, биология пәндерін қазақ, орыс және ағылшын тілінде оқыту жүйесі іске асып келеді. Аталмыш пәндердің мұғалімдері де кәсіби білімдерін жетілдіріп, үштілді меңгеріп алды. Оқушылар да бұл жаңашылдықты оң қабылдап, игеруде.

Облыстық семинарға Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал қалаларынан және Ұлытау, Жаңаарқа аудандарынан ұстаздар қатысты. Шараның ашылу салтанатыда Қарағанды облысының білім беруді дамыту орталығының әдіскері Гүлжазира Сүлейменова сөз алып, заман талабына айналған үштілділіктің маңызы жөнінде айтып берді. Сонымен қатар, семинар жұмысына сәттілік тіледі. №8 гимназия директоры Сара Әбдікерова өз кезегінде үштілді білім беру саналы, сауатты, бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындауға септесетінін атап өтті.

Семинар өткізудің маңыздылығы – мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету. Мұғалімдердің бір-бірімен қарым-қатынас орнатып, тәжірибе алмасуы сапалы білім беру процесінің ойдағыдай өтуіне тигізер әсері мол.

Үнемі ізденісте жүріп, әрдайым білімі мен біліктігін жетілдіріп жүретін мұғалімдер қаламыздағы №8, 26 гимназия, №7 мектеп-лицей, №1, 4, 13, 22 орта мектеп ұстаздары өткізген ашық сабақтарға қатысты. Бір байқағанымыз сабақ барысында оқушыларға ғылыми терминдерді ағылшын тілінде айту өте жеңіл екен. Сонымен қатар, балалар сабақ барысында заманауи құрылғыларды да ұтымды пайдалануда. Олар қолдағы гаджетпен мұғалім берген тапсырманы QR код арқылы ашып, орындады. Ал, зертханалық тексерісті қажет ететін сабақтарда оқушылар тек теориялық білім алмай, түрлі тәжірибе жасады.

Айта кету керек, облыстық семинар барысында көпшіліктің назарына инновациялық шығармашылық жұмыстар ұсынылды. Яғни, қала мектептері ұстаздарының үштілде әзірлеген электронды оқулықтары, презентациялары, ғылыми жобалары, әдістемелік қосымшалары көрмеге қойылды.

Шара «Бақытты болыңыз!» атты әдеби кешпен қорытындыланды. Гимназия оқушылары ұйымдастырған мерекелік шара келген қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, жұмысқа деген құлшынысын арттырды.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

# БАЛҒЫНДАРДЫҢ ЖҰЛДЫЗЫН ЖАҚТЫ

**Халықтар достығы мен мәдениет үйінде «Күміс қоңырау» атты балалар шығармашылығының аймақтық байқауы өтті.**



Балғын бүлдіршіндердің шығармашылығын шыңдайтын сайыс биыл қаламыздың 65 жылдық мерейтойына арналды. Қалалық мәдениет бөлімі ұйытқы болған байқауға Жезқазған, Сәтбаев қалаларының және Ұлытау ауданы, Жезді кентінен 3-8 жас аралығындағы кішкентай өнерпаздар қатысты.

Бөбекжай тәрбиеленушілері мысты қалаға әннен шашу ашып, мың бұрала билеп, өлең жырларын арнады. Айта кету керек, сахнаның кішкентай жұлдыздары өнерлерін ортаға салғанда үштілділікті ұтымды пайдалана білген. Ана тілінен бөлек, өзге екі тілде еркін сөйлейтін балалардың талабын көріп, таң қалмау мүмкін емес.

Барлығы 14 дарын қатысқан сайыстың қорытындысы бойынша ІІІ орынды «Қазағым» деп ән шырқаған Инабат Мамажанова иеленді. Сапар Мұхаммедрақым мен Сәтбаев қаласының «Балапан» балабақшасы ІІ орынды иеленсе, жүлделі І орынды «Айсұлу» инклюзивті бөбекжайы жеңіп алды. Ал, кеншілер қаласынан келген №1 мектептің «Жұлдызай» триосы бас жүлденің иегері атанды.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**